



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz


https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Ихиолог



4 Төртүліктің саулығы сақтықта



6 Сүгір сыйға тартқан Телқоңыр



8 Атай ауыстыру күйіп тұрған мәселе ме?



● ПРЕЗИДЕНТ



Көлік-логистика — экономиканың күретамыры

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өтті. Жиынға Үкімет басшылығы, салалық министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласының Қазақстан экономикасында ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, өңірлердің өзара қарым-қатынасын жандандыру үшін бұл саланың маңызы зор. Дегенмен, геосаяси жағдай мен санкциялық текетірес дәстүрлі көлік-логистика желісін өзгеріске ұшыратты. Жиын барысында қарым-қатынастар мен жүк жеткізетін балама бағыттарды, сондай-ақ тасымалдау ісін әртараптандыруды пысықтау қажеттігі айтылды.

Президенттің пікірінше, отандық өнімнің экспортқа қауіпсіз әрі үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азия аймағындағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту керек екенін айтты. Осы мақсатта балама теміржол бағыттарын қалыптастыру қажет. Бұл жерде Достық – Мойынты, Бакты – Аягөз, Мақтаарал – Дарбаза жобаларын жүзеге асыру, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін салу жөнінде сөз болып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев теміржол паркін жұмысын жандандыру және жолдарға күрделі жөндеу жүргізу жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Отандық теміржол саласында машина жасау ісін дамытуға баса мән беру қажет. Оның алғышарттары бар. Қазақстандық өндірушілерді белсенді түрде қолдау керек, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

● БҮГІН – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«СУ БЕРГЕННІҢ САУАБЫ, ТӨККЕННІҢ ЖАУАБЫ БАР»



«Қазушар» РМК Қызылорда филиалында Су шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған іс-шара өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов қатысып, кәсіби мереке иелерін құттықтады.

СБ Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– Сыр елінің экономикасы, экологиясы мен халықтың әл-ауқаты тікелей суға байланысты. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде «Жасыл даму» жобасы әзірленді. Жоба аясында су шаруашылығы саласында да біршама игі бастамалар көтерілген. Атап айтсақ, Кіші Аралды сақтап қалу, аймақтың мелиорация жүйелерін қалпына келтіру, каналдарды жөндеу, суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша шаралар қаралған. Бағдарлама аясындағы жұмыстар 2030 жылға дейін кезен-кезеңімен атқарылатын болады. Осындай қат-қабат тірліктің басы-қасында су шаруашылығы қызметкерлері тұрғаны белгілі. Қазақта «Су

бергеннің сауабы, су төккеннің жауабы бар» деген тәмсіл бар. Күннің ыстық-суығына қарамай халыққа қызмет етіп жүрген сушылардың еңбегіне құрмет көрсету – біз үшін үлкен абырой, – деді Серік Салауатұлы.

Іс-шара барысында өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, соның ішінде су шаруашылығы саласына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталды. Атап айтсақ, сала ардагері Елубай Молдашев, «Солтүстік Арал теңізі бөгеті және Ақияк су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы Марат Бозғұлов және «Жаңақорғансушар» өндірістік учаскесінің жетекші маманы Баянбек Халжанов «Су шаруашылығының ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

Сондай-ақ, «Жаңақорғансушар» өндірістік учаскесінің бөлім басшысы Марат Бердиев, «С.Арыстанбаев атындағы Қызылорда су торабы» өндірістік учаске басшысының орынбасары Ғалымжан Үсекеев, «Табиғат» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының орынбасары Қайрат Шакиров, Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Жанна Жұмаеваға ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің «Су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі тапсырылды.

Бұдан бөлек, аймаққа қажетті судың мақсатты пайдаланылуын реттеп, көзін табуға сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасымен, Су ресурстары комитеті төрағасының және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

● ЕРТЕҢ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Кәсіби мерекемен құттықтады

Шілде айының екінші жексенбісі – табиғатпен тілдесіп, өзен бойынан несібе сүзген балықшылардың төл мейрамы. Бұл күн 2017 жылдан бастап балықшылардың кәсіби мерекесі болып бекітілді. Атауды күн қарсаңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов сала ардагерлері мен мамандарын құттықтады.


СБ Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Кіші Арал теңізін сақтап қалудың нәтижесінде балық шаруашылығының да-

муына үлкен мүмкіндіктер жасалды. Қызылорда облысы республика бойынша бірінші

болып «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын» бекітті. Бағдарламаға сәйкес, 2030 жылға қарай, облыстың балық экспортын 2, тауарлы балық өндіру көлемін еселеп арттырып, 500-ден астам жаңа жұмыс орындары құрылады деп жоспарлап отырмыз.

3-бет



● ҚҰРБАН ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Алғыс пен ризашылық, амал мен сауап күні

Мұсылманның қасиетті мерекесі Құрбан айт келіп жетті. Айт күндері құрбан шалу – құлшылығымыздың белгісі. Құрбан шалудағы ең маңызды жайт – оны Алла атымен арнап сою.

СБ Дүйсенбек АЙШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Біз бүгінде дүние жүзінде қаншама адамның аштықтан зардап шегіп, өлім халінде отырғанын бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп-біліп келеміз. Бір күндік асын тоя жей алмайтындар өз жерімізде де бар. Сондықтан мұсылман ғалымдарының айтуынша, шалынған құрбанның етінен жеу – мұстахап, мұқтаж жаңдарға үлестіру уәжіп. Ал, әр мұсылман мұстахаптың ең көркем амал екенін, уәжіптің парызға жатқызылмаса да нақты дәлелі бар айқын іс-әрекет дегенді білдіретінін түсінеді.

Әбу-Ханифа құрбандық етін жеуге де, таратуға да болады дейді, алайда, ол – уәжіп емес. Бұйрық түрі үнемі уәжіпті талап етпейді. «Пақырды тойдырғандар» деген бұйрық құрбан еті байларға берілмесін деген мағынаны білдірмейді. Өйткені, сахабалар құрбанның етін бай, кедей көрші-қолаң мен туыстарына да берген екен. Осы тұрғыдан қарағанда Құрбан айт күндері шалынған миллиондаған құрбанның еті – бай-кедей, жетім-жесір, жас-кәрі, әйел-еркегімен бүкіл адамзатқа сый ретінде қабылданып, осы үлкен жақсылықты

нәсіп еткен жомарт Жаратушыны естен шығармай, құлшылығымызды ұмытпай, адамдарға жақсылық жасауға асығуымыз шарт.

Сахабалар Пайғамбарымыз саллаллаһу әлейкі саламның құрбандық шалуға жағдайы жоқ адамдардың атынан да мал сойғанын айтып кеткен.

Ендеше, жағдайы бар азаматтардың ардақты Пайғамбарымыздың ұмыт болып бара жатқан осы бір сүннетіне қайта жан бітіргені абзал хәм мол сауап деп білеміз. Мүміндер амалымен жете алмайтын сауапқа ниетпен де жете алады дейді қасиетті кітаптарымыз. «Өркімнің ісі ниетіне қарай бағаланады. Мүмінге ниеттенген нәр-сесінің сауабы беріледі» деген хадистер бар. Сол себепті құрбандық шалуға шамасы жоқтар: «Рабым, мүмкіндік нәсіп еткенінде мен де құрбандық шалар едім» деген таза ниетте болса, Алла оған да құрбандық шалған жанның сауабындай сауап жазады дейді. Даналар мұны «амалдан ниет қайырлы» деп түсіндірген. Неге бұлай дейді? Себебі, амал есеппен немесе өзін көрсету үшін де жасалуы мүмкін ғой.

8-бет

Кеше облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда жылу маусымына дайындық барысы және мүлік иелерінің бірлестігі институтын құру бағытындағы мәселелер талқыланды. Жиынға тиісті басқарма басшылары, секторлық режимде аудан, қала әкімдері қатысты.

СБ Айнур БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Жылу маусымына дайындық пысықталды

– Халқымыз «қыстың қамын жазда ойла» деп бекер айтпаған. Осы бастан тиісті жұмыстарды атқарып, мәселелерді жүйелі түрде шешсек, қыстан қамсыз шығатынымыз анық. Алдыңғы аптада тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар басшыларының

есебі тыңдалды. Алдағы жылу маусымына облыс бойынша 1064 әлеуметтік нысан дайын болуы тиіс. Жауапты мамандарға алдын ала ескертемін, 1 қазанға осы мекемелердің барлығы сақадай сай болуы қажет, – деді Мархабат Жайымбетұлы.

2-бет



Құрбандық киікке тақалды ма?

80 мың бас киік құрбандық. Министрдің өзі мақұлдаған шешім бұл. Кең даладағы киілі саналған жануарды 2023 жылға дейін атуға болмайтын. Бірақ ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешов Орал популяциясына жататын 801 мың бөкеннің 10 процентін азайту жайлы айтты. Себеп біреу-ақ. Ауыл шаруашылығы жерлеріне зардап келтіруде. Киік біткен жайылымдық жерді отап, енді егінге түсе бастағанға ұқсайды. Дабыл қағуға осылар-ақ жетіп жатыр-мыс.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

5-бет



КӨЛІК-ЛОГИСТИКА — ЭКОНОМИКАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын толықтай жаңғырту қажет деп есептейді. – Қазақстан теміржолын ұлттық көлік-логистика компаниясы ретінде трансформациялайтын уақыт келді деп ойлаймын. Бұл ҚТЖ-ның мандаты мен міндеттерін кеңейтуге, компанияға еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту жұмыстарын кешенді түрде жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Президент.

Президент теңіз арқылы тасымалдау ісін дамытуға ерекше назар аударды.

– Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланған емес. Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің 1-беті

жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде стратегиялық міндет жүктеді. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай тасымалдау ісін әртарап тандыруды тағы бір маңызды міндет ретінде атап өтті. – Транскаспий бағдары басым бағыт саналады. «Қаз-МұнайГазға» оны жүзеге асырудың онтайлы нұсқасын, соның ішінде Теңіз жобасының инвесторларын тарту мүмкіндігін пысықтауды тапсырамын. Үкімет «Самұрық-Қазынамен» бірлесіп, Атырау – Кеңкияқ және Кеңкияқ – Құмкөл мұнай құбырларының

қуатын арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі де – маңызды салалардың бірі. Мемлекет басшысының айтуынша, ең алдымен, құрылысы басталған магистральды бағыттардағы (Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат, Атырау – Астрахань, Алматы – Қарағанды және Талдықорған – Өскемен) қайта жаңарту жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау қажет.

Сонымен қатар Президент бюджет қаражатын тиімді пайдалану және отандық компанияларды кеңінен тарту қажет екеніне назар аударды.

– Жобаларды жүзеге асыру барысында бюджетті барынша тиімді пайдалану және отандық өнімдердің көлемін

арттыру басты қағидат болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Үкіметке жыл соңына дейін кедендік рәсімдеу үдерісін және шекаралық бақылауды толық автоматтандыру тапсырылды.

Жиын барысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Энергетика министрі Болат Ақшоларов, «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев баяндама жасады. Сондай-ақ талқылауға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, «ҚазМұнайГаз» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев қатысты.

Құрылыс сапасы қатаң қадағаланады

Кеше облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың төрағалығымен аймақта салынып жатқан құрылыс нысандарының жағдайы туралы мәжіліс өтті. Оған тиісті сала басшылары, аудан әкімдерінің орынбасарлары және мердігер компания жетекшілері қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары сөз басында биылғы жылдың алты айында атқарылған жұмыстар барысына тоқталды. – Бүгінде өңірде бірқатар құрылыс нысандары бой көтеруде. Алдағы уақытта аудандарға барып сол ғимараттардың салыну барысын таразылап қайтамыз. Жоба бойынша қандай жұмыстар атқарылды? Әрбір назардан тыс қалмайды. Жоспар бойынша құрылысы жүріп жатқан мектеп пен балабақша ғимараттары тамыз айында қолданысқа берілуі тиіс. Тиісті қаржылар уақытылы бөлінді, енді олардың уақытылы әрі сапалы орындалуы сұралады.

Сондықтан қала және аудан басшылығы сол жұмыстарды тұрақты бақылауға алып, нысандардың дер кезінде іске қосылуына жұмыс жасау қажет, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Биыл облыс бойынша 106 нысанның құрылысын жүргізуге мемлекеттік бюджет есебінен 21,9 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы 25 нысанның құрылысы жоспарланған. 7 мектеп, 2 балабақша, 1 Оқушылар үйі қолға алынса, оған қоса 6 денсаулық сақтау, 4 мәдениет, 1 спорт,

1 мемлекеттік орган ғимараттары бой көтеруде. Сондай-ақ, «Бизнесстің жол картасы» бағдарламасы бойынша 3 ғимарат құрылысы жүргізілуде.

Биылғы жылдың алғашқы жартысында 3 нысан пайдалануға берілді. Олардың қатарында Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінде 250 орындық емхана, Сарыкөл ауылдық округіндегі Жұбан елді мекенінде, Арал ауданы Сексеуіл ауылдық округінде медициналық бекет елдің игілігіне айналды.

– Жылдың соңына дейін тағы 14 әлеуметтік нысанды аяқтау жоспарланса, қалған 8 нысан 2023 жылға өтеледі. Қазір мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 3 нысанның конкурсы жарияланған. Атап айтсақ, олардың қатарында облыстық қан орталығы, Неке сарайы, мәдениет саласындағы көпсалалы кешен құрылысы

бар. Бұл нысандардың құрылыс-монтаж жұмыстарын биылғы жылдың тамыз айында бастау жоспарланған. Сондай-ақ, былтырғы жылдан өтпелі аудандар бойынша Аралда 2, Қазалыда 13, Қармақшыда 13, Жалағашта 4, Сырдарияда 4, Шнеліде 4, Жанақорғанда 4 ғимараттың құрылысы жүргізілуде, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев.

Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс жөнінде аудан әкімдерінің орынбасарлары қысқаша хабарлама жасады.

Мәжілісті түйіндеген облыс әкімінің орынбасары әрбір құрылыстың сапалы және уақытылы орындалуына назар аудару қажеттігін атап өтті. Аудандар басшылығы тарапынан қатаң қадағалау болуы тиіс.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Кожаниязов Серік Салауатұлы (облыстық ауыл шаруашылық және жер, ветеринария, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, облыстың құрлық қорғау орындарымен бірлесіп, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жайымбетов Мархабат Жайымбетовұлы (құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, бақылау жөніндегі және мемлекеттік сатып алу басқармаларына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы (облыстық экономика және қаржы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім, денсаулық сақтау, қоғамдық даму, мәдениет және спорт басқармаларына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұлды (Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Бейбітші Сұлтан көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтампа телефоны: 40-11-91(7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

Облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген кезекті алқа мәжілісі өтті. Оған облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, Шнелі, Қармақшы аудандық және Байқоңыр қалалық ардагерлер кеңесінің, тұрақты комиссиялардың төрағалары, ардагерлер қозғалысының белсенділері қатысты.

СБ Айсуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Ардагерлердің алқалы жиыны



Мәжілісте Ш.Байманов ардагерлерге тұрақты түрде қолдау көрсетілетінін айтып, алқа жұмысына сәттілік тіледі.

– Бізде ұрпақтар сабақтастығы берік орныққан. Үлкен істі бастарда ардақты ақсақалдың батасын алуды жөн көретін халықпыз. Себебі, тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы – бізге өнеге. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен халыққа адал қызмет етуге жұмсаған сіздер сабыр, қарапайымдылық пен мейірімділік, еңбексүйгіштік, Отанға, отбасына деген адалдықтың үлгісі болып келесіздер. Бүгін сіздердің ақ баталарыңызды алудың сәті түсті. Алдағы уақытта әрбір істің сыншысы болар өздеріңізбен ақылдаса отырып, күнделікті жұмыстарды бірге атқарамыз деп сенемін, – деді.

Жиын барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, алқа мәжілісінің модераторы Серік Дүйсенбаев кадрлық өзгерістермен таныстырды. Алқа мүшесі Ержан Уәйістің Дүниежүзі қазақтары құрылтайының Түркиядағы өкілі қызметіне ауысуына байланысты, оның орнына Бақыт Нұрғазиевтің кандидатурасы пленумға бекітуге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Шнелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмайыл жыл басынан атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы хабарлама жасады.

– Бүгінгі таңда аудандық бастауыш ұйымдарында 6340 ардагер бар. Олар аудан, ауыл, мекеме деңгейіндегі 47 бастауыш ұйымға біріктірілген. Оның ішінде Ұлы Отан соғысының жалғыз ардагері Сәрсенбек Байжанов ағамыз биыл 99 жасқа толды. Ардагерлер – асыл қазынамыз. Үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білген, тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол. Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас көзіндегі болған қарттарымыз, ақсақалдарымыз барда шырағымыз ешқашан сөнбейді. Ауданның қоғамдық өміріне араласып, ел экономикасының дамуына үлес қосып келетін ардагерлеріміз қаншама?! – деді ол.

Алдақ облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Мақсұт Баекеев тұрақты комиссиялардың мақсат-міндеттерімен таныстырды.

Жиын барысында ардагерлер бірлігін сақтау, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жүйелік құрылымдарын жетілдіру, олардың бірлігін арттыру, қоғамдық-саяси шараларға қатысуын қамтамасыз ету жағы сөз болды. Облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері аумақтық ардагерлер кеңестеріне тәлімгерлікке бекітілді. Мәжілісте қаралған мәселелер бойынша бірқатар қаулы қабылданды.

Жылу маусымына дайындық пысықталды

Мәжілісте жылу маусымына дайындық барысы туралы облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Дәрібаев баяндады.

Оның айтуынша, алдағы жылу беру маусымына кәсіпорындар дайындық жұмыстарын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізуде. «Қызылорда жылу-электрорталығы» МКК-ның дайындық жұмыстарына жалпы көлемі 784,1 млн теңге қаржы қарастырылған. Қазіргі кезде кәсіпорын бойынша жоспарланған жөндеу жұмыстарының 63 проценті іске асқан. Атап айтсақ, негізгі қондырғылардың жөндеу жұмыстары 40 процентке, оңтүстік қазандықтың жөндеу жұмыстары, ВОНО қазандықтары толықтай, KE маркалы қазандықтар 76 процентке, АБМК-лар 65 процентке, ОРУ-220/35 толығымен, «Қазалы Теміржолы» қазандықтарын жөндеу жұмыстары 25%-ке орындалған.

– Облыста 1064 әлеуметтік нысан бар. 529 білім беру нысанының 196-на, 288 мәдениет, спорт саласы нысанының 147-не, 247 денсаулық сақтау нысанының 79-на жөндеу жұмыстары жүргізілді. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 835 көпқабатты тұрғын үйдің 25%-і дайын. Биыл 23 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтарын 1-бет

қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. 4 нысан бойынша мердігерлері анықталды. Сонымен қатар, білім басқармасына қарасты нысандардың қазандықтарын құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестендіру үшін 11 нысанның жоба-сметалық құжаттамалары әзірлеу, сараптаманың қарауына ұсынылды, – деді басқарма басшысы.

Қала және аудан әкімдерінің жоспарларына сәйкес әлеуметтік сала нысандарына алдағы жылу беру маусымында 34 мың тонна қатты және 24 мың тонна сұйық отын, ал жергілікті тұрғындарға 142 мың тонна көмір қажет. Нақты бүгінгі тұрғындарға 3,5 мың тонна, әлеуметтік салаға 1,1 мың тонна жеткізілген.

– Биыл 30 мамырда Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі М.Қарабаевтың бюджеттік ұйымдар мен халықты көмірмен қамтамасыз ету тапсырмасына сәйкес, 1 шілдеге дейін бюджеттік ұйымдар үшін көмір дайындау жұмыстарын аяқтау және 1 шілдеден халық үшін көмір дайындауды бастау қажет болатын. Алайда, қала және аудан тарапынан ұсынылған көмір қажеттілігін жоспарына сәйкес бюджеттік ұйымдарға және тұрғындарға көмірді жеткізу мүлдем жоспарланбаған. Бұл өз кезегінде алдағы жылу беру

маусымын сапалы және тұрақты өткізуге кері әсерін тигізугі және жергілікті тұрғындар арасында наразылық туғызуы ықтимал. Осыған орай, бюджеттік ұйымдар мен халық үшін көмір жеткізу шараларын күшейту үшін, көмір жеткізуші кәсіпкерлердің өтімдеріне сәйкес келісілген жоспарды ұсыну қажет, – деді Айдос Дәрібаев.

Сондай-ақ, басқарма басшысы коммуналдық қарыздарға да тоқталды. Биылғы 1 шілдеде облыс бойынша тұтынушылардың коммуналдық қызметтер үшін берешегі 1495 млн теңгені құрап отыр.

Мемлекет басшысының «Мүлік иелерінің бірлестігі» институтын енгізу тапсырмасына сәйкес облыста біршама жұмыстар атқарылуда. Жаңа басқару формасымен құрылуы қажет 913 көпқабатты тұрғын үй толығымен басқарудың жаңа формасына көшкен. Дегенмен, бүгінгі күнгі жағдай бойынша басқарудың жаңа формасын құру жұмыстары толыққанды аяқталмай отыр.

Мәжілісте осы мәселеге байланысты да Айдос Дәрібаев хабарлама жасады. Оның айтуынша, өңірдегі жаңа басқару органына өткен 913 үйден 88 үй кондоминиум нысаны ретінде әділет органына тіркелген. Оның ішінде, Шнелі ауданы 38 үйді кондоминиум нысаны ретінде тіркесе, Қызылорда қаласы мен

аудандарда мүлдем тіркелмеген. Қазіргі уақытта 825 үй Әділет органына тіркелу қажет.

– Бұл жағдай келер жылға көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге бюджеттік ұсыным өткізуге кедергісін тигізуде. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен бекітілген «Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тәртібінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде бюджеттік кредит түрінде бөлінген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізу үшін оны қажет ететін әрбір үй кондоминиум нысаны ретінде тіркелуге міндетті. Осыған сәйкес, келер жылға қаржыландыруға кірмей қалу қаупі бар, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сондай-ақ, Тұрғын үй қатынастары заңына сәйкес, қала және аудан әкімдері өз құзыреті шегінде көпқабатты тұрғын үй шығыстарының ең төменгі мөлшерін әзірлеп, бекітуі қажет болатын. Алайда кейбір аудандарда ол жұмыс орындалмай келеді.

Көтерілген мәселелер бойынша қала және аудан әкімдері түсінік берді, атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндады.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов қала және аудан әкімдері мен тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді.

● БРИФИНГ

Құрбан айттың қадірі

Барша мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Құрбан айт мерекесі биыл 9-11 шілде аралығында атап өтеледі. Мереке қарсаңында аймақтағы аз қамтылған және мұқтаж отбасыларға тегін құрбан етін үлестіру мақсатында арнайы тізім жасакталды. Құрбандық шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта жүзеге асады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова мәлімдеді.

– Мерекеге байланысты облыс әкімінің орынбасары арқылы іс-шаралар жоспарын бекітті. Биыл құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Онлайн форматта жүргізу үшін ҚМДБ-ның qurban2022.kz сайты іске қосылды. Құрбан малына тапсырыс беру және мұқтаж жандар құрбандық етін алу үшін осы сайтқа өтініш бере алады. Айт күндері мал бағасын шарықтатуға және азық-түлік бағасын көтермеуге тиісті мемлекеттік органдарға тапсырмалар берілді, – деді басқарма басшысы.

Брифингте ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов айт күндері мұсылмандар үшін ең жақсы

амал – құрбан шалу екенін атап өтті.

– Облыс бойынша барлық мешіттерде таңғы 06.00-де айт намазы оқылады. Одан кейін құрбан шалу рәсімі басталады. Мұқтаж жандарға теңдей мал етін үлестіру үшін «Бақытты отбасы» орталығы арқылы тізім жасакталды. Қызылорда қаласы бойынша 2000-нан астам отбасының тізімі дайындалды, – деді Болатбек Әбуов.

Сондай-ақ, мерекеге қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында мешіттер мен белгіленген құрбан шалу орындарында құқық қорғау қызметкерлері рейд жұмыстарын жүргізеді. Бекітілмеген орындарда, оның ішінде мешіттердің аумағында мал шалуға тыйым салынады.

Қатты желден Жалағаш кентінде бірнеше ғимаратқа зақым келді. Оқпа 6 шілде күні болған. Салдарынан көпөтерлі 2 тұрғын үйдің шатыры ұшып, сол жердегі 2 көлікке қулаған. Сондай-ақ, жақын маңда орналасқан электр бағаналары да үзілген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ТЖД бөлім бастығы Нұрбол Исанов хабарлады.

Жалағашта шатыр ұшты

Ведомство таратқан ақпаратқа сүйенсек, оқыс жағдайдан зардап шеккендер жоқ. Дегенмен, екпінді дауылдан көпөтерлі тұрғын үйдің 500 шаршы метр шатыры ұшып кеткен. Қазіргі таңда шығын көлемі есептелуде.

– Қатты желдің салдарынан тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени нысандардың шатыры ұшып, коммуналдық қызметтердің жұмысы уақытша тоқтап қалды. Дегенмен, зардап шеккендер жоқ. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар тексеріс жүргізуде, – деді Нұрбол Исанов.

ТЖД өкілінің айтуынша, үзілген электр желілері қайта қалпына келтіріліп, коммуналдық қызметтердің жұмысы жалғасуда.

«СБ» ақпарат

ЕРТЕҢ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Кәсіби мерекемен құттықтады



Кейінгі 5 жылда балық экспортының көлемі 5 есе өсіп, 10-нан астам шет елге экспортталуда. Бүгінгі күні балық шаруашылығы аймақ экономикасында өзіндік орны бар тұрмыстық, шаруашылық, тарихи мән-мағынасы жоғалмаған атакәсібіміз ғана емес, берекебайлығымыз болып отыр.

Құрметті балықшылар, балық шаруашылығы саласының

қызметкерлері. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Балық өсіріп, оны қорғаумен қатар молайтуға үлес қосып жүрген еңбектеріңізге толайым табыс, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілеймін, – деді.

Мұнан кейін балық шаруашылығы саласының бірқатар қызметкерлерін марапаттады. Анес Нұртаев пен Ерік Алжамбаевқа ҚР Экология,

геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Балық шаруашылығы саласында еңбек сіңірген қызметкер», Мақсат Жұмаділов, Жаңбырбай Қуатбаевқа «Балық шаруашылығы саласына мінсіз қызметі үшін» төсбелгісі табысты. Сондай-ақ сала мамандарына министрліктің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

1-бет

● КӘСІП пен НӘСІП

Қазіргі таңда мемлекет өз ісін өрбітем дегендерге көмек қолын созып келеді. Әсіресе соңғы жылдары кәсіпкерлікке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Біздің Сыр өңірінде де мемлекеттен көмек алып, кәсібін дөңгелетіп отырған жандар жетерлік. Соның бірі – облысымызда балық өнеркәсібінің дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан Айгүл Мұханбетжанова.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Базардан басталған бизнес

Кәсіпкер негізінен шикі балықты сатумен айналысады. Бұл істі ол 1998 жылы анасының бастамасымен қолға алған. Алғашында Бәйгекұмның көлі мен каналынан ауланған балықты қалаға әкеліп саудалап, азын-аулақ ақша қылады. Осылайша тиыннан тиын құраған ол бизнестегі алғашқы қадамын Қызылорданың ескі базарында сатушылардан бастайды. Кейін араға жылдар салып, саудасын кеңейтіп, 2005 жылы «Алтын балық» дүкенін ашады. Осы жылдары ресми жеке кәсіпкер ретінде тіркелген оның жұмысы жанданып, кәсібі дөңгелей бастайды. 2010 жылы Бегім ана көшесінің бойындағы үлкен ғимаратты сатып алып, «Арзан балық» дүкенін ашты.

Қиындығы мен қызығы мол істе жұбайы Байқоңыр да жанынан табылып, көмегін аяған емес. Бүгінде базарда жаңа ауланған балықтың түр-түрі сатылады. Көпшілігі облыстың жергілікті су қоймаларынан алынады. Сатушылар балықты толық тазалап, тұтынушы қажет деп тапса, бөлшектеп те береді.

Қазіргі таңда балық дүкені қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Оның ішінде балықты қабылдап жуатын, аршып саятын жер мен балықты сақтайтын мұздатқыш та бар. Ал сөреден балықтың Дағыстан мен Атырау және Сырдария мен Аралдың сазанын, тұқы, жайын, шортан, жыланбас, көксерке, амур, сазан, күміс тұқы, табан, жерих секілді түрлерін кездестіруге болады. Сонымен қоса, қуырылған балық пен уылдырық, мұздатылған уылдырық және тартылған балық та ұсынады. Дайын балық 5 тоннаға дейін өнім сыятын камералармен жабдықталған қоймада сақталады.

– Балық сатып, кәсіп бастағаным 20 жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыт аралығында талай қиындықтан өттім. Бірақ ештеңеге мойығаным жоқ. Керісінше шыңдалып, кәсіпімді өркендетіп, жандандырдым. Осы аралықта талай адамды жұмыспен қамтыдым.

Қазір 4 адам жұмыс істейді. Жұмысы жалақысы 120-180 мың теңге аралығында. Қалғандары дүкенді жалға алып, жұмыс істеп отыр, яғни мен балықты жеткізіп беріп, үстінен пайдамды көрем және дүкенді пайдаланғаны үшін қызметкерлерден ай сайын төлемақы аламын. Сосын олар менен алған балықтың үстіне ақша қосып, халыққа сатады. Бәрінің жеке кәсіпкерлігі бар. Демалысыз жұмыс істейміз.

Енді алдағы уақытта осы кәсіптің аясын одан әрі кеңейткім келеді. Былтыр жыл соңында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына барып, КБИ шағын ауданынан және сол жағалаудан кәсіпкерлік мақсатта жер беруін сұрадым. Рұқсат берсе, дүкен салсақ деймін. Жоспарымды көрсеттім. Тағы да балық дүкенін ашқым келеді. Өйткені осы екі аумақта жанадан үйлер бой көтеріп жатыр. Енді онда қанша адам тұратынын есептеңіз. Бір жағынан сол маңға жақын тұратын тұрғындар үшін де тиімді болар еді, – дейді кәсіпкер.

Талай кәсіп туралап қалған пандемия тұсында да кәсіпкер қиыннан қиыстырып, пайданың көзін тапты. Ол мемлекеттен үш көлігіне рұқсат алып, қуырылған балықты тұтынушылардың үйіне жеткізіп беру қызметін жолға қойды. Мұнда әр ыдысы 5000 теңгеден. Бұдан бөлек, кәсіпкердің ысталған және қақталған балықты сататын тағы бір дүкені бар.



20 жылдан аса кәсіпкерлікпен айналысқан Айгүл Тоғжанқызының тұтынушылары Қызылорда облысында ғана емес, Қазақстанның басқа қалаларында да бар. Тұтынушылар тіпті бүгінде Алматы, Тараз, Шымкент, Жезқазған қалаларынан келіп, тонналап балық алып кетеді.

Кәсіпкердің айтуынша, бизнес бастағаннан бері мемлекет қолдау танытып келеді. Былтыр айнала қаражаттың толықтыру үшін «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасымен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы 16 млн теңге несиеленген. Оған Дағыстан мен Атыраудан балық алдыртқан.

Бүгінде кәсіпкер сырттан және облыс көлемінен әкелінген балықтарға сұраныстың жоғары екенін айтады. Қазір ол Қызылордадағы көптеген мектеп, балабақша, түрме, әскери бөлімдер мен түрлі кәсіпкерлік нысандарын балық өніммен қамтамасыз етіп отыр. Әсіресе балабақшалар тарапынан Қазалы зауытынан әкелінетін тартылған балыққа сұраныс көп екен. Кәсіпкер өңірдегі Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария сияқты аудандардан балық алдырып сатады.

– Негізгі әр адамның тамақтану рационасында балық болуы шарт. Бірақ ағзаға пайдасы тиімі үшін балық дұрыс жағдайда сақталу керек. «Арзан балық» дүкенінің үш артықшылығы бар. Бірінші – мінсіз қызмет. Екінші – өнімдердің жоғары сапасы. Үшінші – қолайлы баға.

– Өзімді шама-шарқымша елдің дамуына үлес қосып келетін кәсіпкермін деп санаймын. Осындай еңбекті жастар да бойына сіңіріп, елге пайдасын тигізсе екен деймін. Кәсіп бастау ешқашан кеш болмайды және қорқудың да қажеті жоқ. Үлкен армандар тәуекелдерге тәуелді. Ойыңа алған істі бастап көру керек, сүрінесің, құлайсың, қайта тұрасың. Есесіне шыңдалып, бастаған кәсібіңнің майталманына айналасың. Соның мақсатының жолында табанды болу шарт. Қолдан келсе, өзін сүйетін, ебің бар шаруамен айналысу керек. Пысықтық та артықтық етпейді.

Қазір мемлекет тарапынан қолдау көп. Жас кәсіпкерлерге арналған бағдарламалар жетерлік. Тек ниет болса болғаны, – дейді Айгүл Мұханбетжанова.

Балық шаруашылығының ихтиология саласы мен ихтиолог мамандығы туралы көпшілік біле бермейді. Атауының өзі таңсық. Ихтиология ғылымы – балықтың сыртқы белгілері мен ішкі құрылысын, сыртқы ортаға бейімделуін, өсіп-өнуін зерттеп, оның өндірістік қорын анықтау әдістерін жетілдіріп, балық аулау көлемін болжайды. Грек тілінен аударғанда «ichthys» балық, ал «logos» сөз дегенді білдіреді. Оқырманға қарапайым тілмен айтар болсақ, балық білгірі деген түсінікке келеді. Ал осы салаға жарты ғасырдан астам өмірін арнаған адамдар арасында жүр. Ол – ҚР Ауыл шаруашылығы саласының үздігі, ҚР балық шаруашылығы саласына еңбегі сіңген қызметкер Зауалхан Ермаханов. Ғалыммен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Ихтиолог

– Зауалхан Кенжеғалиұлы, өміріңізді туған жерді түлетуге, оның ішінде Аралдың балық шаруашылығын дамытуға арнадыңыз. Қазір де саланың өркендеуіне үлес қосып келесіз. Білуімізше, сіздің мамандығыңыз – ихтиолог. Оны таңдаудың сыры неде? Жалпы ихтиолог болу қаншалықты қиын?

– Мен теңіз төскейінде тудым. Арал ауданындағы №22 Ауан орта мектебін 1967 жылы аяқтап, 1972 жылы әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті биология факультетінің ихтиолог мамандығын игеріп шықтым. Судың жағасында туып-өскендіктен, бұл саланың жаттығы болмады. Сондықтан ойланбастан таңдау жасап, ауылымның балық шаруашылығын дамытуды алдыма мақсат еттім. Еңбек жолым да туған елдің топырағында басталды. 1972-1973 жылдары Арал балық қорын қорғау және балық аулауды реттеу инспекциясында ихтиолог, 1973 жылдан 2019 жылға дейін «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС филиалында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, тауарлы көл балық шаруашылығы секторының, Арал кешенді балық шаруашылығы лабораториясының меңгерушісі және Арал филиалының директоры қызметтерін атқардым. Жалпы Арал филиалында 46 жыл жұмыс істесем, оның 35 жылында осы мекемеге басшылық жасадым. Ал 2019 жылы серіктестіктің Арал филиалы Қызылорда қаласына көшуіне байланысты Арал сервистік дайындау орталығы директорының ғылыми жұмыстар және балық өсіру жөніндегі орынбасарлығына тағайындалдым. Зейнет жасында болсам да, осы салада жұмыс істеп, тәжірибемді кейінгі жастарға бөлісіп келемін.

– Қызметіңіз балық сатысынан өтіп, Арал кешенді балық шаруашылығы лабораториясына және Арал филиалына басшы болдыңыз. Осы уақыт ішінде 160-тан астам ғылыми еңбек жазыпсыз. Барлығына уақытты қалай тапсыз?

– Мен 4-сыныпта жүргенімде-ақ еңбекпен шұғылданып өстім. Таңғы төртте тұрып, шабындыққа шөп орауға баратынбыз. Бала кезден ішкенім шұбат, жегенім бекіре болды. Теңіздің жағасында туып-өстім. Су адамды демалдырады. Көзің ауырғанда теңізге терең үңіліп қарап отырсаң, біркелкі қозғалыстағы толқын қос жанарына ем. Жастайымнан әр күні жасалатын жұмысты жоспарлап, нақтылап қоямын. Күндіз шаруашылық басындағы тірлікпен жүремін де, таң азаннан сол істелген жұмысты қағаз бетіне түсіремін. Мидың тынығып тұрған сәтінде шаруа тез алыға басады. Қазір де балық шаруашылығы туралы кітап дайындап жатырмын. Қазақ тілінде еңбектер өте аз. Бар білгенімді жинастырып, кейінгілерге табыстап кетуім керек. Ғылыми еңбектерім Дания, Жапония, Словения, Америка Құрама Штаттары, Орта Азия және Ресей мемлекеттерінің ғылыми журналдарында жарияланды. Арал теңізі бассейнінде Жапония, Дания, Франция, Англия, Израиль және Ресей мемлекеттерінің ғалымдарымен бірігіп ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Дания және Израильде білімді жетілдірдім. Арал теңізінің балық шаруашылығын қалпына келтіру мақсатында жүргізілген қамбалда-гросса балығының жерсіндіру жұмыстарына да ғылыми жетекшілік жасадым. Оның өндірістік қорын игеру үшін Арал теңізі аймағында жүзеге асырылған «Қаттегаттан Арал теңізіне дейін» атты халықаралық дат-қазақ жобасын ұйымдастырушыларының бірімін. Өте сирек кездесетін, Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енгізілген бекіре тұқымдас балықтар және Арал қазынының генофондын сақтау және өнеркәсіптік маңызын қайта қалпына келтіру ғылыми жобасының авторымын. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізінің сақтау» жобасының 1 және 2-кезеңдерінің балық шаруашылығы жөніндегі бас ғылыми кеңесшісі де болдым.

– «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дейді. Аралдың балығы өзге өңірлермен салыстырғанда дәмі тіл үйіреді. Теңіз өнімдерін көбейту жұмыстары қалай қолға алынған? Ақбасты елді мекеніндегі балық зауытының тыныс-тіршілігінен хабардар етсеңіз...

– Балықты қолдан көбейту үшін қыруар қаржы қажет. Бұл мәселеге мемлекет көңіл бөліп, балық шаруашылығының дамуына субсидия не аз процентпен несиелесе берсе, бұдан түсер пайда мол. Адам ағзасына қажетті барлық минералдар мен дәрумендер балықта кездеседі. Қазір балық бағасы етпен бірдей. Оның өзі қалалықтарға жетпейді. Ауланған кезде-ақ, басынан жергілікті тұрғындар таласып алып кетеді. Жаз бойы ауылдың мұғалімдері демалыс уақытын пайдаланып, балық аулауға шығады. Сенсеңіз, олар бір-екі күнде бір айлық жалақысын шығарып алады. Бұл кәсіптің көзіне



үлкен қолдау керек. Жергілікті халық бір ғана балық шаруашылығының арқасында тұрмысын әлдеқайда жақсарту түсер еді. Қазір теңізде қор аз. Қолдан көбейту жұмысы үлкен процестен тұрады. Мәселен, саби дүниеге келгенде, анасы оған қандай күтім көрсетеді, дәл сол секілді балықты өсіру де – нәзік әрі жауапты жұмыс. Қолдан ұрықтандырылған балық бір жылда 25-ақ грамм қосады. Уақыт қажет. Келер жылы тоғанға апарып өсіргенде жарты келі салмақ қосады. Бұл – сазан, қарп деген балықтар. Олар қыста тамақтанбайды, ұйықтап жатады. Тек жыртқыштар ғана жүреді. Қалғаны жартылай ұйықтап болады. Өйткені, ағзаға жинаған қорегін құртпау керек. Оны жаратып қойса, өліп қалады. Сондықтан бойына жиган майын өзі қорек етіп, қыстан шығады. Бұл – онай нәрсе емес, бірақ үйренсе, үлкен табыстың көзі. Шын мәнінде балық шетегіде өте бағалы әрі қымбат тұрады. Біз де соған жақындап қалдық. Жапондар нәліктен ұзақ жасайды? Олар еттен гөрі, теңіз өнімдерін көбірек пайдаланады.

Даниялық әріптестерімнің қолдауымен «Қаттегаттан Арал теңізіне дейін» халықаралық жоба аясында 2000 жылы Ақбасты елді мекенінде 25 жылғы үзілістен кейін, балық шаруашылығының ардагері Тоғыс Ахметовпен бірігіп балық зауытының негізін қаладық. Балықты қабылдап, оны қатыратын тоназытқыш орнатылды. Қазіргі кезде елді мекендегі балық зауытында 30-ға жуық балықшы жұмыс істейді. Елдегі жұмыссыздық мәселесін шешуге де шама-шарқымызға қарай үлес қосып келеміз.

– Сіз қалаған мамандыққа бүгінгі жастардың таңдауы түсіп жүр ме? Балаларыңыздың арасында жұмыссыздықты жалғастыратындар бар ма?

– Осы ретте бір қуанышты жаңалықпен бөлісе кетейін. Біздің шаруашылықта жұмыс істейтін жұмысшылар және кейінгі жастар үшін өңірде оқу орнының филиалы ашылды. Бұл, біріншіден, жұмысшыларды оқытып, олардың қолына арнайы дипломның алуға қажет. Екіншіден, ауыл жастарын осы балық шаруашылығына баулуға үлкен септігін тигізеді. Мамандық алып, сол бойынша шаруашылықта жұмыс істей алады. Қызылорда «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бакбергел Досмамбетов және «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-ның құрылтайшысы Әлілбек Ізбасарұлының қолдауымен университет жанынан «Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы мен биоресурстары ғылыми зерттеу институты» ЖШС-ын аштық. Осы институттың Арал филиалындағы директорымын. Бұл институт екі бағытта жұмыс істейді. Бірінші бағыты бойынша төрт облыста, яғни Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Ақтөбеде балық шаруашылығы жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал екінші бағытында балық шаруашылығына балық өсіретін (рыбовод) және оны өңдейтін (рыбообработчик) мамандар дайындайды. Қызылорда облысының 2021-2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарламаны іске асыру үшін орта буынды білікті кадрлар қажеттігі туындап отыр. Осы мәселенің алдын алу үшін аталған оқу орнында білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Колледж биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап оқуға студенттер қабылдай бастайды. Мықты мамандар легін дайындап, өңір экономикасын көтеруге үлес қосамыз деп ойлаймын. Балаларымың ішінде қызым Жанар Қазақ Балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Арал филиалында ғылыми қызметкер. Ал ауылда ізмінен ерген шәкірттер жетерлік. Оның әрқайсысы мықты маман, өз ісінің білгірлері десем болады. Олардың ішінен айрықша Майра Қалымбетова мен Нұрлан Самбаевты айта аламын.

Сұхбаттасқан
Айсәуле ҚАРПАЕВА,
«Сыр бойы»





● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Төрт түліктің саулығы – сақтықта

Ауыл шаруашылығында ауыртпалық көп. Төрт түліктің жайын күйтеген әрбір шаруа малдың күйін кетірмей ұстауға тырысады. Бұл орайда уақытылы залалсыздандыру, түрлі ауруға қарсы екіп жүргізудің маңызы зор. Өңірде де аталған бағытта жүйелі бақылау күшейіп, ауруды ауыздықтау шарасы тұрақты жүргізілуде. Мәселен, биылдың өзінде облыста аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы ауруға қарсы 6 млн 345,2 мың доза ветеринариялық препарат алынған екен.

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Апта басында аталған саладағы соңғы жаңалықты бағамдауға арналған баспасөз туры ұйымдастырылып, жағдайдың жай-жапсарын көзбен көруге мүмкіндік туды. Жарты күнге созылған сапар барысында Қызылорда қаласының маңындағы ауылдарды аралап, Сібір жарасы, қарасан, пастереллез сынды ауруларға қарсы екіп жұмысымен танысып қайттық. Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев жол бастап, Белкөл, Қосшыңырау ауылдары мен қала маңындағы «Эдельвейс» саяжайына бардық.


Негізгі мақсат – аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алуға қарсы егу жұмысын бақылау, ақпараттандыру. Оған қоса облыс көлемінде ауру ошақтарын болдырмау, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау бағытындағы тіршілікке қанығу ойда бар. Қуанарлығы, күткен нәтиже мен аймақтағы ветеринариялық ахуал туралы болжам бағамы көңілден шыққандай.

Баспасөз турында табан тіреген алғашқы нысан Белкөл кентінде орналасқан «Абай» шаруа қожалығы болды. Мұрат Токпанұлы иелік ететін шаруа қожалығының жері ауқымды, малы қонды екені байқалады. Қорасындағы төрт түліктің керегін қамдап, жоғын түгендеп отырған азамат іске епті, есепке жүйрік. Ұзын саны 500-ге тарта малды шашау шығармай жиып, кезекті екіпестің кешіктірмей салдыруда. Жыл басынан бері төрт түлікке аусыл, пироплазмоз ауруларына қарсы екіп және диагностикалық тексеру жұмысы да жүргізілген. Баспасөз туры барысында қордағы азын-аулақ бұзауға сырға салынып, сыырларға қарасан ауруына қарсы екіп жасалды.

Біз үшін ең бастысы – қауіпсіздік. Алғашқы белгілері байқалған кез келген ауруды дер кезінде емдеп, таралуын тежеуді назарға аламыз. Мал басы көбейген сайын жауапкершілік еселеніп, бақылау арта түседі. Толыққанды нәтижеге қол жеткізу үшін қауіпті ауруларға қарсы егу-диагностика жұмысы жоспарлы жүруі қажет, – деді кәсіп иесі.

Сапардың кезекті бөлігі «Эдельвейс» саяжайы аумағындағы «Жирен» шаруа қожалығында жалғасты. Біз межелі жерге жеткенше, төрт түліктің басым бөлігі өріске бет түзеген екен. Шаруа қожалығының иесі Әдіжан Ізтілеуов кенеден тазарту үшін тек 30-ға тарта жылқыны бөгеу ұстапты. Ветеринария мамандары жылқыларға дезинфекция жүргізіп, гастрофилез, Сібір жарасы, қарасан, тейлриоз ауруларына қарсы екіп екті. Өсіресе, қалалық ветеринариялық пункт менгерушісі Ербол Жүгінісовтің көмекшісі ауруының алдын алу шарасын жүргізудегі ептілігі таңғалдырды. Тәжірибелі маман малдың жайын жетік білетінін аңғартып, үйір жылқыға жүргізілетін процедураны жарты сағатқа еңсерді. Айтудыңша, мұндай сақтық шарасы жылқыға 1 мәрте жүргізілуі шарт. Егер бұл шара жасалмаса, ішкі құрттар көмейге жиналып, көбеюі мүмкін.

Сондай-ақ, зиянды жәндіктерге қарсы залалсыздандыру жұмысы



да ерекше назарға ілікті. Мамандар маса, сона, кенеге қарсы дезинфекция жұмысын жүргізіп, аумақты мұқият тексеруге алған. Аймақ кетерлігі, аталған шараға бюджеттен қаржы бөлінбеген, яғни, бұл – ақылы жұмыс. Шаруашылықтар қажетті залалсыздандырышты өз қаржысына сатып алады. Ал мамандар қажетті залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге ғана келеді.

– Қазір кененің түрі көп. Адам шағу, малға жабысу оқиғасы жиі тіркеледі. Соған байланысты арнайы көктемгі залалсыздандыру жұмысы жүргізілгені мәлім. Енді күз мезгіліне дайындық жасалуда. Қазіргі таңда тиісті міндеттемені орындау үшін ветеринариялық дәріханаларда залалсыздандырыш қоры жеткілікті, – деді қалалық ветеринариялық стансаның директоры Нұрлан Төлеген.

Кезекті нысан – Қосшыңырау елді мекеніндегі «Аруана» шаруа қожалығы. Бүгінде Бақыт Жақешбаев басқаратын қожалықта 285 ірі қара мен 113 түйе бар. Алайда біз барған уақытта құмшауыт жерде орын тепкен қожалықта 20-ға тарта боталы түйе ғана көрінді. Қалғаны өрісте. Шаруаның сөзінше, жағдай тұрақты. Жыл басынан бері төрт түлікке аусыл, Сібір жарасы, трипаносомоз ауруларына қарсы екіп егілсе, сапар барысында түйеге Сібір жарасына қарсы вакцина салынды.

Қосшыңырау ауылдық округінің медициналық пункт менгерушісі Алтынбек Мейрамбекұлы да төрт түліктің ахуалымен таныстырып, қызықты ақпаратпен бөлісті:

– Қосшыңырау ауылдық округінде 4500 бас ірі қара, 4900 бас уақ мал, 601 бас түйе, 3500 бас жылқы бар. Қазір І жартыжылдыққа жоспарланған іс-шара кешені жүргізілуде. Солардың қатарына Сібір жарасына қарсы екіп жұмысы да кіреді. Бұл – төрт түлік арасындағы өте қауіпті дерт. Тіпті, адамға да тез жұғалы. Ауылда бір ошақ анықталды. Сондықтан дезинфекцияны осы жерден бастағанды жөн көрдік. Сібір жарасынан бөлек аусыл, құтыру, қатпа, сақау ауруларына қарсы да екіп егілетін болады, – деді жауапты маман.

Баспасөз туры қалалық ветеринариялық стансада түйінделді. Мекеменің жай-күйімен танысып, жыл бойы атқарылған жұмыстарды саралауға мүмкіндік туды. Тозығы жеткен материалдық-техникалық базаның бүгінгі ахуалы мен сала мамандарының еңбекақы мәселесі

– Аймақта эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау үшін ветеринар мамандар үздіксіз жұмыс жасауда. Жоспарға сәйкес, жартыжылдықта жануарларға 3 млн 80 мың доза дәрі егілу керек болатын. Бұл жеке толықтай орындалды. Одан бөлек, 6 түрлі жұқпалы емес (энзоотиялық) ауруға облыстық бюджеттен 248,3 млн теңге бөлініп, 657 мың доза препарат алынды. Энзоотиялық аурулар бойынша да тиісті жұмыстар жасалды. Жалпы энзоотиялық ауруларға ірі қараның тейлериоз, пироплазмоз, уақ малдың фасциолез, жылқының сақау, гастрофилез, түйенің трипаносомоз аурулары жатады. Қазір 454,9 мың басқа алдын ала егу жұмысы жүргізіліп, 6 айлық жоспар атқарылды, – деді басқарма басшысы.

Есте болса, өткен жылы есепке алынбаған мал саны бойынша қиындық туындаған болатын. Тіпті Ауыл шаруашылығы министрінің Сыр еліне сапары барысында мал санын реттеуге қажетті сырғаның уақытылы жеткізілмеу мәселі де көтерілді. Биыл келенсіздік қайталанбас үшін алдын ала 387 мың сырға алынып, аймақ бойынша төрт түлік малды сырғалау жұмысы кестеге сай жүрді. Сырға тапшылығы болмас үшін қосымша тағы 353 мыңына өтім де беріліп, соның 258 мыңы жеткізілді.

Жыл басында бірдейдендіру ақпараттық жүйесіне енгізілмеген ауыл шаруашылығы жануарларын тіркеу үшін «Жасыл дәліз-3» бағдарламасы іске қосылған болатын. Бағдарламаға сәйкес, тіркелмеген төрт түлік туралы ақпараттық жүйеге енгізу процесі сәтті жүрді. Бастапқыда облыста 36531 бас мал жүйеге тіркелмеген деп болжана, бағдарлама нәтижесінде 70465 бас төрт түлік тіркеліп, ақпараттық жүйеге енгізу 2 есе артық орындалған еді. Алайда, бұл санды көбейту үшін көрінген малды тіркеу дегенді білдірмейді. Мәселен, төрт түлікті түгелдеу кезінде жасы үлкен мал тіркеуге жағдайың төл ретінде саналып, мал иесінің пайдалануына жаратылады. Сондықтан көрсетілген цифрға сенім мол.

Бұлдан бөлек, ветеринария саласының ең ауқымды бағыты – диагностика жұмыстары. Биыл 400 мыңнан астам малдан қан сынамасын алу жоспарланған. Жануарлар мен адамға ортақ жұқпалы бруцеллез ауруының алдын алу үшін 186,7 мың бас ірі қара, 242,2 мың бас уақ малдан алынған қан құрамы тексерілді. Нәтижесінде 36 бас ірі қара мен 26 бас уақ малдан бруцеллез ауруы анықталған. Аурудың басым бөлігі Сырдария мен Жалағаш аудандарында кездесіп отыр. Ауруға шалдыққан мал ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес уақытылы сойылып, мал иелеріне 1234,5 мың теңге өтемақы төленген.

– Өткен жылғы көрсеткіш бұдан жоғары болды, яғни, 48 бас ірі қара, 252 уақ мал бруцеллезге шалдыққан еді. Билығы көрсеткіш жасарып, дерт жұқтырған түліктің саны кеміді. Қазір өзге өңірлерінде аусыл, қарасан аурулары жиі тіркелуде. Біздің аймақта аталған ауру белгілері жоқ. Жыл басынан бері тек бруцеллез ауруы ғана тіркелген. Бүгінде ауру анықталған мал егелеріне түсіндірме жұмысы жүргізілуде, – деді облыстық ветеринария басқармасының басшысы.

Экономикалық ахуалды оңтайландырып, ауыл шаруашылығын жүйеге түсіру үшін ветеринария саласының маңызы зор. Мал – халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс көзі. Оның үстіне мал бағу арқылы жан бағып, қаншама отбасы төрт түлікті тіршілік көзіне айналдыруда. Сондықтан, болар, қазақ аулық сұрасқанда ең алдымен «Мал-жан аман ба?» деген жөн-жоралғыны ұмыт қалдырмаған. Сол үшін қауіпті ауру түрлерінің тарамауы мен мал өнімдерінің талапқа сай болуы аздай қажет. Ал оны негізгі қорғаушысы – ерине, ветеринар мамандар.



● АПТА АҒЫМЫНДА

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының Сыр өңіріне жұмыс сапары басталды. Апта ішінде ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Б.Кесебаева және Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы депутаты фракциясының мүшелері Б.Смағұл мен Г.Шиповских Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында болып, елдегі ахуалмен танысты. Жергілікті тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен кездесіп, оң өзгерістерді жеткізіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Партия алаңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізіп, сауалдарына жаннамалық тұрғыда кеңестер берді. Халық қалаулыларының жұмыс сапары 14 шілдеге дейін облыс орталығы мен барлық аудандарда жалғасады.

«MIRAS» КЕҢЕСІ

ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Б.Кесебаеваның қатысуымен «Miras» аймақтық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында білім саласы мен жана реформаларға қатысты ұсыныстар талқыланды.

ГАЗ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының «TALQILAU» алаңында өңірдегі газ сапасы, бағасы, тарифтер және басқа да мәселелер талқыланды. Талқылауға спикер ретінде ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Балайым Кесебаева, сонымен қатар «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы өкілдері мен өңірдегі жауапты сала басшылары қатысты.

ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС БЕРІЛДІ

«AMANAT» партиясының «Заңгерлік көмек» жобасы аясында алақтардың ар-бауына түсіп, банктерден негізсіз несие алған азаматтардың арыз-шағымдарына сәйкес, құқық қорғау органдары, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өңірлік басқармасы өкілдері арнайы қабылдау өткізіп, тұрғындарға құқықтық кеңестер берді.

АУЫЛ – ТӘРБИЕ ОРДАСЫ

«AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының бастамасымен партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында Мәдениет ауылдық округі, «Дарын», «Мәдени мұра», «Жастар» бастауыш партия ұйымдары және Мәдениет ауылдық ардагерлер, әйелдер кеңестерінің ұйымдастыруымен «Ауыл – тәрбие ордасы» тақырыбында «Балалар жылына» орай оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру іс-шарасы өтті.

Шараның мақсаты – қиын жағдайда қалған отбасы балаларымен және ауылда демалуға келген қала балаларына ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, еңбекке баулу және рухани демалыс ұйымдастыру.

СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ САЙЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы жастар қанатының кезектен тыс конференциясы өтті. Онда 11-14 шілде аралығында Ақмола облысы, Зеренді аумағында өтетін жастар қанатының кезектен тыс VI съезінде қатысатын делегаттар сайланды.

КЕСТЕГЕ САЙ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Партия алаңында 4 қоғамдық қабылдау және 1 заңгерлік көмек бойынша тақырыптық қабылдау өткізіліп, оларға 20-ға жуық азамат өтінішпен келді. Қабылдаулар барысында 9 мәселе оң шешіліп, қалған өтініштер бойынша тиісті жұмыстар жасалуда.

Аптада ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының қатысуымен 50, аймақтық және аумақтық филиалдар мен БПҰ-да кездесулер, тақырыптық қабылдаулар, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы 36 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.



● ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУЛІ – 140

Назым сөздің шебері

Биыл ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының туғанына – 140 жыл. Осыған орай ақын шығармаларын насихаттау шаралары қолға алынды. Жақында «Facebook» әлеуметтік желісінде Тұрмағамбет жырларын оқудан челлендж басталған болатын. Күннен-күнге жыр оқуға ниеттілердің көп екені байқалып, қатысушылар қатары артты. Осы игі істі ұйымдастырып, ақын шығармаларының ел арасына кеңінен насихатталуына себепші болған жанның бірі – ақын ұрпағы, жыршы Амандық Бүрлібаев. Жыр жампозы Тұрмағамбет жырларын жұртшылыққа жеткізу – кейінгі ұрпақтың міндеті десек, осы міндет жолында осындай игі бастамалар көтеріп жүрген азаматпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

– Амандық Қуандықұлы, ақынның 140 жылдығына орай челлендж өткізу идеясы қалай пайда болды?

– Басында Тұрмағамбет ауылынан шыққан жігіттерге ұсыныс айтқан едім. Барлығымыз ақын ауылында туған азаматтармыз. Ауылдан алыс, өзге өңірлерде қызмет атқарып жүргендеріміз де бар. «Түрекенді білмейтін ел жоқ, ертең ақынның ауылынан екенсің, бір шығармасын оқып берші дегенде білмей қалып жатсаңдар азаматтықтарына сын болады ғой» дедім. Сөйтіп, челленджді бастап кеттік. Жыл аяғына дейін 140 челлендж түсірейік деген мақсат болды. Бірақ бастағанмыз сол еді, бір айдың ішінде 200-ден асып кетті. Қазірге дейін 320 адам қатысып үлгерді. Тіпті, Тұрмағамбет, Алдашбай ақын, Тәйітбет Көмекебаев ауылдарының оқушылары да үлкен челлендж ұйымдастырды. Бұл жерде басты мақсат Тұрмағамбет жырларын жас ұрпақ бойына сіңіру ғой. Сондықтан ұстаздарынан ақын өлеңдерін оқушыларға барынша талдап, түсіндіруді қалағалауын өтіндік.

– Челленджге қатысқандардың басым көпшілігі жастар ма?

– Қатысушылардың жас шамасы әртүрлі. Еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті, сонау Түркияға дейін алыс-жақын шетелдерден көптеген азаматтар қатысты. Зейнет жасындағы кісілер де болды. Ең үлкені Жаңақаладан жасы тоқсанға жақындалған Серікбай деген ақсақал екен. Сондықтан челленджге қатысқан жетпістен асқан қарияларымызға шапан жауып, әжелерімізге камзолы мен орамалын кигізіп, сый-сияпат көрсетілді. Бұл да ел азаматтарының құрметі болды.

– Оқушылар арасында да ақын өлеңдеріне қызығушылық өте жоғары екені байқалады.

– Иә, сондықтан күзде қалалық мәдениет бөлімімен бірлесіп, 140 жылдығына орай Тұрмағамбет жырларын жатқа оқудан оқушылар арасында облыстық байқау ұйымдастыру жоспарланған отыр. Сондай-ақ, Қармақшы ауданы әкімдігінің қолдауымен облыстық жыраулар фестивалі және ақындар айтысын өткізу де жоспарда бар.

– Десе де, осы челлендж сияқты жекелеген бастамалар болмаса, облыс көлемінде айтулы іс-шаралар неге әлі өтпей жатыр?

– Негізгі облыстық мәдениет басқармасында Тұрмағамбеттің 140 жылдығына орай арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Соның аясында алда көптеген іс-шаралар өтеді деп күтіледі. Қазір мен облыстық филармонияның дәстүрлі орындаушылар бөлімінің менгерушісімін. Филармонияның концерт залында Тұрмағамбет ақынның 140 жылдығына орай дәстүрлі орындаушылардың концертін өткіздік. Оны көрермен қауым ризашылықпен қабылдады.

Бұдан бөлек, мамыр айында филармонияның 50 жылдығы қарсаңында Алматы қаласында Жамбыл мемлекеттік филармониясының концерт залында концерт өткіздік. Ол кезде де зал лық толды. Жыраудың тыңдаушысы болмаса, еркін көсіле алмайды ғой. Алматыдағы сол концерттегі көрерменнің қолдауы болса керек, жырауларымыздың барлығы арқаланып кетті. Үлкен шабытпен жырлады. Концертте Жамбыл филармониясы басшысы Ахан Әбуәлі: «Менің дәстүрлі орындаушы болуыма Сыр бойындағы жыраулар себеп болды» деді. Ол кісі Сыр бойына келген сапарында Тұрмағамбет ақынның 125 жылдығына қатысып, жырга деген махаббаты оянған екен. Бұл да – Сыр өңірі жырауларына берілген үлкен баға. Сондай-ақ, алдағы қыркүйекте Тұрмағамбет ауылындағы ақын атындағы №29 мектепте аудандық Тұрмағамбет оқуларын өткіземіз.

– Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының 2007 жылы 4 томдық кітап болып шыққанын көзқаратқы оқырманның бәрі білетін болар. Соның 5-томы жарыққа шықты деген сүйінші хабарды естіп жатырмыз...

– Жинақтың кезекті бесінші томы «Ақын, ойшыл, аудармашы Т.Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары мен мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған ғылыми мақалалардан тұрады. «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Зерттеулер» деген атаумен жарық көріп отыр. Филология ғылымдарының өкілдері мен жыраулар дәстүрді дамытып жүрген талантты қыз-жігіттердің еңбектерін біріктірген бұл еңбек әдебиет тарихын зерттеуге қосылған сүбелі дүние болмақ. Кітапты филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің оқытушысы Ерхан Кәрібозов құрастырған. Онда Тұрмағамбет Ізтілеуұлы туралы ғылыми-зерттеу мақалалары топтастырылды. Бұйырса, Қармақшыда өтетін ақынның айтысында тұсауы кесіледі. Одан кейін алтыншы томды шығару да жоспарда тұр. Оған ақын өмірі мен шығармашылығына қатысы бар кандидаттық диссертациялар енгізіледі.

– Ақын шығармаларын насихаттау, жастардың жадында қалдыру үшін болашақта қандай шаралар қолға алынғаны дұрыс?

– Тұрмағамбет Ізтілеуұлының өлеңдері елді береке-бірлікке шақырады. Білімді, ғылымды насихаттайды. Білім алып, елге адал қызмет жасауға үндейді. Тұрмағамбеттің әр жыры бүгінгі қоғамға қажетті таптырмас дәрі болып тұр. Әр шығармасына талдау жасаса, кандидаттық диссертация қорғауға да болады. Осыған дейін қорғалып та жүр. Ақынның өлеңдерінің барлығы – тұнып тұрған насихат. Сондықтан болашақта оның шығармаларын талдап, халыққа түсіндіруді дұрыстап қолға алсақ, үлкен өнегелі іс болар еді.

– Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Биолог СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Құрбандық киікке тақалды ма?

Қазақстан – киіктің атақонысы

Ғалымдар пікірінше, киіктің атақоны – қазақ даласы. 95 проценті осында мекендейді. Негізінен оларды үш аймаққа – Орал, Үстірт және Бетпақдала популяциясына жатқызады. Кейінгісіне біздің облыс территориясы да кіреді.

Қолымызда киіктің өсімі жайлы мәлімет тұр. 2015 жылдан бері қарай есептесек, жануардың қатары қалыңдай түскен. Тек Бетпақдалада жортқан киіктің сол жылы жаппай қырылғаны болмаса, олардың көбеюі қарқынды тәуір. Мысалы, 2015 жылы Орал популяциясында 51700 бас киік өрсе, Үстіртте 1270 бас, ал Бетпақдалада 242 мыңнан астам киік болған. Жоғарыда айтып кеткендей, Бетпақдаладағы киіктің ғалымдар қойған диагноз бойынша әлдебір аурудан (бұл бәлкім, адам фактор болуы да мүмкін) қырылуынан соң, 2016 жылы 36 мың ғана киік қалды. Керісінше Орал мен Үстіртте саны артқан.

2017 жылдан бастап киік саны үш популяция бойынша артып келген. Барлығына тоқшамай-ақ былтырғы көрсеткішті айтар болсақ, Үстіртте 12 мың, Бетпақдалада 290 мың киік болыпты. Ақбөкеннің ең көп шоғырланған жері Орал популяциясы еді. Мұнда кейінгі алты жылда киік саны он есе өскен. 545 мың бас. Ал биыл осы Орал популяциясында 801 мың, Үстіртте 28 мың, Бетпақдала өңірінде 489 мың. Қуаныштысы сол, 1 млн 318 мың ақбөкен қазақ даласында өсіп-өнді. Айтпақшы, Үстірт жерінде неге киік аз дейтін сұрақ тұатыны заңдылық. Мұндағы киіктің жайылым ауыстыруына басты себеп – су қорының аздығы. Ондағы жерасты суын үнемдеу мақсатында көптеген артезиан құдықтары бітелген еді. Осының кесірінен көп киік шөлге тап келді, өлім-жітімі артып, тірі қалғаны өзге аймаққа өтті.

Киіктің көбейгені рас. Биылғы санақ нәтижесімен 1 млн 318 мың бөкен бар дедік. Бұл – киіктің төлдемей тұрғандағы көрсеткіші. Лактары әлдеқашан жүгіріп кеткен киіктің дәл қазіргі есебін көзжұмбақтаймыз айтсақ, 3 млн-ға жуықтауы мүмкін. Өйткені, мамандар пікірінше, бұл жануардың 70 проценті аналық болады да, қалған 30 проценті – аталық, яғни текелер. Ілуде болмаса, барлығы егізден табатын ешкілеріне қарап, түз жануарының шынымен көбейгенін байқаймыз. Айта кетейік, киік – өте жылдам өсетін жануар. Биылғы төлі ұрғашы, яғни шыбыш болса, алты айдан кейін ұрпақ әкелуге жарамды. Ал еркек лактар текелік жасау үшін кемінде бір жарым жыл жетілуі тиіс.

Салалық министрлік киік санын реттеуді күз айларында бастамақшы. Орал популяциясындағы күрт көбейген киікті ата ма, орға құлатып жоя ма әлде тормен қаумалап ұстай ма, ол жағы әлі белгісіз. Қалай жою керектігі туралы министрлік тарапынан әлі айтылмады. Белгілісі, жеке азаматтар киік аулау шарасына қатыспайды. Бұл шаруаны түз тағыларына жауапты «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК атқаруы мүмкін.

Сонымен қазір киікті жануарлардың аңшылық тізімінен алып тастау және санын реттеуді талап ететін

жануарлар қатарына жатқызу мәселесі шешілді. Киік атуға арнайы аңшылық лицензия берілмейді, тек олар шамадан тыс көбейсе, ауыл шаруашылығы саласындағы зиянқор ретінде жойылып тұрмақ.

Инспекторлардан именген соң

Мойындау керек, қазір түз тағысын қорғайтын «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК инспекторларының еңбегі ерен. Апталап, айлап жапан далада жүретін бұлардың киік қорғаудағы еңбегін ешкім жоққа шығармас. Дала аңын әбден қуғынға ұшыратқан браконьерлік бүгінде едәуір азайды. Киік өсіміне мұның әсері болмай тұрмайды.

– 1990 жылдары қалаға қарасты Абай ауылының төңірегі, Қаратаудың ең соңғы сілемдері, яғни Шилей жақ беткейдегі «Сегізсай» жері толған киік еді. Қазір мұнда киік көрмейсіз. Неге? Киік – өте сак және үркер жануар. Біз олар жүретін аймақтың барлығына кедергі келтірудеміз. Жайылатын жерге мұнай өндірісі келді, қаншама техника жүруде, олардың ортасына осылай кедергі келтірдік. Одан соң 2015 жылғы осы популяциядағы киікке жаппай індет тиіп, тұтас-тай қырылуын қосыңыз. Бірақ біздің тараптан, табиғат сақшыларының күн-түн демей қорғауының арқасында саны лезде көбейді. 2003 жылы «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК құрылып, тұяқты жануарлар, оның ішінде киікті қорғауды мемлекет жедел қолға алды. Атуға тыйым салынды. Табиғат тыныштығын бұзатындарға жаза бұрынғыдан да күшейтілді. Инспекторлардан именген соң ғана киік көздейтіндер азайды, – дейді «Охотзоопром» «ӨБ» Қызылорда өңірлік филиалының басшысы Берік Жорабеков.

Б.Жорабековтің айтуынша, киік қорғау жолында тым ауыр жағдайлар болды. Тіпті қан төгіліп, кейбір инспекторлардың қаскөйлер қолынан қаза тапқаны да белгілі емес пе?!

– Бұл мемлекеттің қоры десек те болады. Былайынша айтсақ, мемлекет қорғауындағы даладағы мал, 1992 жылдары кеңес өкіметі тараған тұста құрып кетудің сәл алдында тұрғандардың қатарында еді. Сол жылдары санақ кезінде бар болғаны он бес мыңдай бас қалған деседі. Ал қазіргі көрсеткіш өзіңізге белгілі болып отыр. Ата Занда айтылғандай, жерасты мен үстіндегі байлық ол – халықтыкі. 80 мың бас киікті жоюға қатысты түрлі пікір барын білеміз. Меніңше, сол 80 мың бас киік халық игілігіне жұмсалуды тиіс. Еті адал, терісі киім, мүйізі дәрі-дәрмекке аса қажетті. Мұның бәрін сыбайластыққа бой алдырмай іске

асырса, мемлекет қазынасын толтыруға бірден-бір сеп болары анық. Үй жануарындай емес, жем-шөбін ең даладан өзі тауып жүрген түз аңын осылай пайдаға асырғанымыз жөн, – дейді Б.Жорабеков.

Киік еті демекші, бұлардың ең төмені 18-20 келі, аса семіздері, әсіресе, аталықтары 40 келіге дейін ет береді екен. Қора соғып, жем беріп, уақытылы шөбі мен суын дайындамайтының тағы бар. Қазақшалап айтсақ, Құдайдың өзі бағып беріп отырған дала аңы. Бұрын кеңес заманында киік етін арнайы дайындайтын орындар болыпты. Тіпті, далада дәруменге бай емдік шөптердің түрлісін жеген киіктің еті құнарлы болатын көрінеді. Ақыры 80 мың басты құрбандық қылады екенбіз, мемлекет тарапынан терісі мен мүйізі пайдаға жаратып, ал етін саудаға шығарса, халықтың осал топтарына төмен бағам ұсынса, құптарлық әрі қуанарлық нәрсе ғой. Бүгінгі қымбатшылықта бұның өзі жұртқа көп көмек болары сөзсіз.

«Дала санитарлары» тым аз

«80 мың бас киік жойылады». Осыны естігелі әлеуметтік желіде киік жайын түсінетін бар, тіпті оны мүлде көрмегені де түрлі пікір айтып, аттандап жатыр. Табиғат өзі реттейді, өзі көбейіп, өзі азаяды дейтіндер де жоқ емес. Бұл рас сөз, бірақ...

«Дала санитары» саналатын қасқыр азайып кетті бүгінде. Бұл – бір. Екіншіден, бір уақыттары ақбөкенді қырып азайттық та, оны жейтін бөрі амалсыз малға шапты. Азық керек болған соң, малшы ауылды жиі торуылдайтын қасқырды құртатындар лезде табылды. Көз алдындағы қарасын жығып кеткен соң, малшы біткен мылтық ұстап, көрінген бөрінің ізіне шам алып түскенін жасыра алмаймыз.

– Біз реттемесек те, киік санын табиғаттың өзі реттейді. Мысалы, былтыр қатты қорыққанбыз. Өйткені, Бетпақдала популяциясы бойынша құрғақшылық болды. Оның үстіне жығылғанға жұдырық болып жайылымының 70 проценті өртенді. Далада лактырған темекі қалдығы немесе шыны ыдыстардың күнге қатты қызуынан ұшқын пайда болып, өзі қурап тұрған шөпке өт тисе қалай болары белгілі емес пе?! Бірақ киіктен шығын болмады. Біздің облысқа қыс түсе 50 мың басқа дейін киік келеді. Инспекторлар соны сақ қақпай күзетті. Сонда да қылмыстық іс болмай тұрмайды, жыл басталғалы 10 дерек тіркеліп отыр, – деді тағы бір сөзінде «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК

Қызылорда өңірлік филиалының басшысы.

Киік санының артуы – 2012 жылғы ҚР Үкіметінің 25 шілдедегі №969 қаулысына сәйкес жүзеге асырылған шаралардың арқасы. Өйткені, қаулыда көрсеткендей, киікті 2020 жылға дейін аулауға тыйым салынды. Ал бұл тыйым ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығына сәйкес 2023 жылға дейін ұзартылды.

Қатаң қорғаудың арқасында

Мемлекет басшысы тікелей назар аударып отырған дала жануарын қорғау бұрынғыдан да күшейтілді. Ал жазасы тіпті ауыр. Мысал келтірсек. Кейінгі жылдары қолданыстағы заң талаптары қайта қаралып, өзгерістер енгізілді. Зансыз аңшылықпен немесе тасымалдаумен, сактау, сату, сатып алумен айналысқан тұлғаларға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 337 және 339-баптарындағы жазалау санкциялары қатандатылған. Бұдан бөлек, мемлекетке келтірілген шығынды да қосып есептейді. Нақты айтар болсақ, бір киіктің текесін жазым етсеңіз, 6 млн 891 мың 750 теңге, ал аналығы мен төлінің шығыны – 4 млн 824 мың 225 теңге. Текелердің құны қаншалықты екенін жоғарыдағы цифрларға белгілі. Мұнан басқа, киік атып, жазалы болғанның пайдаланған көлігі мен қару құралдары қылмыс құралы болып дәлелденсе, міндетті түрде тәркіленеді.

– Жыл сайын көктем айларында «Киік» акциясы өтеді. ҚР ҰҚК, ҚР ПІМ және ҚР Экология геология және табиғи ресурстар министрлігінің бірлескен бұйрықтары негізінде киікті қорғау жұмыстарына «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК тарапынан дрон, ұшқыссыз ұшу аппараттары, тікұшақ пен автотехника дайындалып, барлық инспекторлар осыған белсене араласты. Облыс көлемінде 8 бағытта мобильді топ құрылып, атап айтсақ, «Қызылорда-Жезқазған», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Түркістан» бағыттарында қуырлы органдармен бірлескен табиғатты қорғау шаралары атқарылды. Бұл жұмыстардан табиғат қорғау полициясы, орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекетінің қызметкерлері де қалыс қалмады. Сондай-ақ рейд кезінде жергілікті тұрғындарға киікті бейберекет мазалауға үндеген үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Рахымжан Бұрабаев.


Бір өкініштісі, киікке тікелей жауапты «Охотзоопром» «ӨБ» РМҚК инспекторларының жалақысы көңіл көншітпейді. Сұрастырғанымызда 80 мен 100 мың теңге аралығындағы қаржыға шүкіршілік етіп жүр. Әрине, 15 күндік вахталық едіспен жұмыс істейтін оларға іссапар шығыны төленеді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Қазіргі нарық бағасын сезіне отырып, жаздың аптабы мен қыстың қаһарлы суығында үй бетін сирек көретін табиғат сақшыларына жарытмызды жалақы неге бермеске деген ойдың қылаң бергенін жасырып қала алмаймыз.

Бүгінде осы «Охотзоопром» өңірлік филиалында (Қызылорда және Түркістан облысы) 40 инспектор еңбек етуде. Мақсаты біреу-ақ. Олар қатаң қорғауға жататын және «Қызыл кітапқа» кірген аңқустың амандығына жауапты. 5 КамАЗ және 18 жол талғамайтын автөкөлі бар. Спутниктік рация, түрлі қажетті техникалық жабдықтарды қоспағанда, инспекторларға маусымдық киім және арнайы атыс құралдары қарастырылған.

За 6 лет, с 2016 по 2022 год, численность сайгака в Казахстане выросла примерно

В 12 РАЗ
или на 1 117 %

ГОД	ВСЕГО	УРАЛЬСКАЯ ПОПУЛЯЦИЯ	БЕТПАҚДАЛИНСКАЯ ПОПУЛЯЦИЯ	УСТОРТСКАЯ ПОПУЛЯЦИЯ
2015	295 470	51 700	242 500	1 270
2016	108 300	70 200	36 200	1 900
2021	842 000	545 000	290 000	12 000
2022	1 318 000	801 000	489 000	28 000



ТАҒЫМ

Келер жылы мемлекет және қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімовтің туғанына 100 жыл толады. Ол 1971 жылы Жалағаш ауданында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы кезінде «Социалистік Еңбек Ері» алтын жұлдызын тағып, 1972 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне көтерілді. 1978 жылы Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланған.

1975 жылдың қараша айы. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Айсә Махамбетов мені өзіне құрылыс жөніндегі орынбасарлыққа шақырды. Өзі ертіп жүріп обкомның бюро мүшелеріне таныстырып, келісімін алды.



ИСАТАЙ АҒАНЫҢ АҚ БАТАСЫН АЛҒАН ЕДІМ

Ең соңында, Исатай ағаның қабылдауында болып келісімін алуым керек еді. Алайда, Исатай аға «Обкомның екінші хатшысы Сұлтан Сәрсенбаев және Махамбетовке өзіңе ұнаса, ұсынысыңды бере бер, мен кейін өзім шақырамын» – депті.

Сонымен, Қазақ ССР-і Ауыл шаруашылығы министрі Михаил Моторионың қабылдауында болып, бұйрығын алып, 1975 жылдың 11 қарашасы күні жаңа қызметке кірістім. Ертеніңе-ақ облыстық атқару комитеті төрағасының құрылыс жөніндегі орынбасары Вячеслав Рябов телефон соғып:

– Нұрлыбай, сен қазір Тереңөзек ауданы, Қазақстанның 50 жылдығы атындағы совхозға барып, совхоз директоры Алдаберген Бисеновпен кездес. Проблемаларын анықтап, шара қолдан, сосын маған айтарсың, – деді.

Жұмысқа қабылданар алдында екінші хатшы Сұлтан Момынұлының аталған совхозда тауарлы-сүт кешенінің салынып жатқаны, ол бірінші хатшы Исатай ағаның бақылауында, көмектес, назарыңда болсын деген тапсырмасы есіме түсті. Асығыс совхозға бардым, совхоз директоры Алдаберген Бисенов ағаны сүт кешенінде таптым. Шамалы танысканнан кейін Алдекен: Обком да қызық-әй, жұмысқа кеше ғана кіріскен адамды жібере ме екен? – деді.

– Айтпа беріңіз аға, не проблемалар бар? Ерте ме, кеш пе мен айналысуым керек, құрылыс менің қызметтік міндетіме кіреді, – дедім.

Алдекен ашулы: «Кеше обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов звондады. «Димаш Ахметұлы келгені жағдай. Өзір болындар!» – деп хабарлады. Дайындық жоқ, сүт кешенінің құрылысы мынау, тоқтап тұр. Мәдениет үйі, су құбырлары толық бітпеген», деп совхозты аралатты, барлық проблеманы алдыма жайып салды.

– Аға, маған бір күн мерзім уақыт беріңіз, ертең барлық мердігер мекемелердің басшыларын осы жерге шақырып, қайта келемін, тиісті шара қолданамын, – дедім. Айтқандай мекеме басшыларын әкеліп, мемшіліктерді жою мерзімін белгіледік.

Осылайша жаңа қызметтегі еңбек майданына кірісіп кеттім. Облыста ол кезде 80 совхоз болған және «Главрис-совхозстрой» салған 10 күршіп совхозын қабылдадық, барлығы 90 совхоз болды. Жұмыс қауырт, телефонға да тыным жоқ, арасында басшылармен іссапарға барып келемін. 1976-1980 жылғы тоғызыншы бесжылдықтың жоспарын қол-

ға алғаным. Ол үшін жобалау институттары және 10 мердігер мекемелер мен келісім-шартқа отыруым керек.

«Қызылорда» қонақ үйінде тұрамын, кейде орын жоқ. Осылайша жұмыс істегеніме 40 күнді болған кезде мекеме басшысы Айсә Махамбетов: «Нұрлыбай, ертең 31 желтоқсан күні обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов бізді қабылдайды, сенімен танысады, соған дайындал» – деді. Ертең 1976 Жаңа жыл!

Азғантай уақытта дайындаған, жоспарлаған құжаттарымды алып, толқынқырап не сұрайды деп, жүрекіңнің бардым-ау. Исатай аға өте жылы жүзбен қабылдады. Шамасы Бисенов ағамызбен сөйлескен болуы керек.

– 1975 жылды қалай қорытындылаймыз, қанша мектеп, үй, тауарлы-сүт кешендері бітапты? 9-бесжылдыққа, оның ішінде 1976 жылға не межелеп отырсың? – деді.

Аталған құрылыстардың жоба-металық құжаттарымен танысып, бір қолдан өткен соң, металық құнын, қай мекеме салатынын тоқтамастан қағазға қарамай айтып бердім.

Исатай аға, үнсіз тыңдады да:

– Бәрі дұрыс. Бұл жігіт жақында алған орынбасарың ғой, ә? – деп Айсекенге қарады. – Іс білетін жігіт екен, дұрыс таңдадыңсың. Ал, жұмысын жемісті болсын, шырағым, облыста 20 адам жүтіріп жүріп жұмыс істейді, соның бірі сенсің, – деді. – Семья жағдайың қалай, қайда жатырсың? – деді сосын. – Қонақ үйде, – дедім. – Қонақ үйде жатып тірлік болмайды. Сен қидырып жүрген мейман емессің ғой. Сіздің мекеменің лимиті бар, 4 бөлмелі пәтер беріңіз, – деп қалалық атқару комитетінің төрағасы Ыдырыс Қалиевке телефон соқты.

Мәселені тағы шегеледі, бастығыма бұрылып: «Кеше келген УАЗ-469 автокөлігінің біреуі осы жігітке берілсін, біз жауа адамнан жұмыс сұрай алмаймыз» деді.

Міне, менің жүгіріп жүріп жұмыс істеуіме бар жағдай жасалды.

Исатай аға – облыстың экономикасын көтеруде көп еңбек сіңірген адам. Облыста Сол жаға массивін игерудің ұйытқысы болды, бұл салада тәжірибесі мол, білікті, байыпты басшы болатын. Ол ауыл және су шаруашылығы басқармаларының басшылары – Айсә Махамбетов, Сабыр Арыстанбаев, Ержігіт Бозғұлов, Виктор Морозов, Айтбай Көшербаев, Әскербек Мақұлбеков, Омар Әзхожаев және Елтай Тыныштықбаевпен бірлесіп жұмыс істеді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Димаш Ахметұлы Қонаев 1976 жылдың алғашқы айларында өңірге келетіні белгілі болды. Исатай Әбдікәрімовтің тапсырмаларының біразы орындалды.

Міне, Тереңөзек ауданының, Қазақстанның 50 жылдығы атындағы совхозға жол бастап келе жатқан облыс басшысы Исатай Әбдікәрімов, екінші көлікпен ұзын бойлы кісі түсті. Бұл Қонаев еді.

Жастардың біле жүргенінің артықтығы болмас. Димаш Ахметұлы өзінің алғашқы еңбек жолын 1936 жылы тау-кен инженері болып бастаған. Ол 3 мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған, ширек ғасырға жуық Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін абыроймен атқарған. 1912 жылы туып, 1993 жылы 81 жасында өмірден озды. Одаққа белгілі мемлекет және қоғам қайраткері еді.

Исатай аға Димаш Ахметұлын шаруашылық нысандарын: Мәдениет үйі, Сауда орталығы, салынып жатқан және істеп тұрған ірі-қара сүт кешенімен, машина-трактор шеберханасының құрылысын аралап жүріп таныстырды. Асылтұқымды малды, жемшөп қорын, азық-тұтық көріп ризашылығын білдірді.

Бұл кездері Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті облыста «екінші тын» аталған жаңадан қой өсіретін совхоздар ұйымдастыруды тапсырған еді. Ол үшін «Қызылқұм», «Қарақұл», «Арысқұл» жайылымдары игеріліп, облыста жаңадан 10 қой совхозы ашылды.

1976 жылы Исатай аға 28 қой совхозында бордақылау алаңын салуды тапсырды, осы жылы 23 наурызда обкомның қаулысы қабылданды. Оны облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Яковенко екумиз дайындадық. Қаулы «О строительстве откормочных площадок для овец каждая на 5000 голов» деп аталды.

Аталған қаулыны жеделдетіп орындауға бар шараны орындады. Осы жылы шілде айында бастығым Айсә Махамбетов, «Ертең обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов Шиелі ауданына барады, салынып жатқан құрылыстарды аралайды, ауданға барып құрылыс басында бол», деп тапсырма берді.

Ертеніңе шамамен сағат жетілердің шамасында Шиелі ауданының шекарасынан өтіп бара жатсам, 2 ақ «Волга» автокөлігі түр екен. Өтіп бара жатып Исатай ағаны күтіп алған Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Орынбасар Бөйімбетовті байқап қалдым да, машинадан

түсіп келіп сәлем бердім. – Жол болсын! – деді Орекен.

– Сіздің ауданға іссапарға құрылыстарды көруге келе жатырмын, – дедім де жүріп кеттім.

Сол күні түстен кейін «Еңбекші» совхозына баратын жолдың сол жағында салынып жатқан 5000 бас қой бордақылау алаңының құрылысын араладық. Сұрақтарына жауап бердім. Қаулының орындалуын сұрады.

Исатай Әбдікәрімов аудандарды аралағанда салынып жатқан мектеп, су құбырлары, тұрғын үйлер, оның ішінде малшыларды жер кеспеден шығаруды үнемі бақылауында ұстады.

Кезекті бір сапардан түн ортасы келгенінде обкомның ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Қахарман Табынбаев ағамыз хабарласты.

Ертең таңғы сағат 9-00-де Жалағаш ауданы, Жалағаш совхозында болуың керек, обкомның бірінші хатшысы Әбдікәрімов барары», – деді.

Бұл 1977 жылдың 4 қаңтары еді. Айтылған уақытта совхоз кенесіне келдім. Кенесіде совхоз директоры Өмірзақ Тұңғышбаев, партком секретары, тағы басқа адамдар хатшыны күтіп отыр екен.

Сағат 10-ның шамасында Исатай Әбдікәрімов Жалағаш ауданының бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаевпен бірге бір машинамен келді.

Сонда Исекен осы совхоздан КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат екенін, сайлаушылар совхоз орталығында мектеп, су құбырын жүргізуді, мал бордақылау алаңын бітіруді, Қарақұлда қой фермасын ашу, ол үшін 10 шақты тұрғын үй, тағы басқа құрылыстар салуды сұрап отырғанын айтты.

– Осыған қалай қарайсың? – деді маған.

Мен мал бордақылау алаңы жақын арада бітетінін, ауысу үшін жерасты суын пайдаланатынымызды, «Қарақұлда» ферма ашып, тұрғын үй салынатынын жеткіздім.

Ал, мектеп жөнінде жобасыз құжаттарын дайындауы, 1978 жылдың жоспарына енгізілген құрылысты 1979 жылы 1 қыркүйекке дейін аяқтау мүмкіндігі барын айттым. Содан Исекен ризашылығын білдірген еді.

Мен үшін бұл күтпеген алғыс болды, өзімнің үлкен жауапкершілігімді түсініп, берілген тапсырмаларды уақытында аяқтаттым.

1978 жылы Исатай Әбдікәрімов Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланды. Ол – халқымыздың ең жақсы қасиеттерін бойына сіңірген адам. Тарих әркімді өз орнына қояды, біз өткенге, аға ұрпаққа қарап бой түзедік.

Зейнетке шыққан соң Исатай аға халықтың арасында болды, қуанышты белісті, қайғысына ортақтаса білді.

Бірде Қазалы ауданы, «Құмжиек» совхозында Социалистік Еңбек Ері Қашақбай Пірімовке ас беріледі, соған арнаулы вагонмен Исатай Әбдікәрімов, Ыдырыс Қалиев, Омар Әзхожаев, Ержігіт Бозғұлов, Сүлеймен Қалыбаев, Николай Подольских сынды ағаларды алып барып қайту жөнінде тапсырма болды.

Исатай ағаны қолтықтап жүрдім, киініп, шешінуіне жәрдем бердім. Қашақбай Пірімовтің бейітінің басында Құран бағышталды.

Ертеніңе арнаулы вагонмен кейін қайттық. «Айналайын, бақытты бол» деп Исекен ақ батасын берді. Бұл менің Исатай ағамен соңғы кездесуім еді. Аяулы азамат 2001 жылы 10 сәуірде 78 жасында өмірден озды.

Нұрлыбай УЛЫКБАНУЛЫ, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы «__» _____ №__ шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

«Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда №5748 болып тіркелді);

1. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтыру енгізу туралы» 2017 жылғы 16 мамырдағы №117 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 маусымда №5879 болып тіркелді);

2. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтыру енгізу туралы» 2017 жылғы 14 шілдедегі №129 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 тамызда №5914 болып тіркелді);

3. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №160 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 тамызда №6085 болып тіркелді);

4. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 8 тамыздағы №232 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 тамызда №6416 болып тіркелді);

5. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 13 қарашадағы №509 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 қарашада № 6511 болып тіркелді);

6. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 19 сәуірдегі №309 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 сәуірде №6776 болып тіркелді);

7. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2019 жылғы 17 шілдедегі №333 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде №6849 болып тіркелді);

8. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2020 жылғы 24 тамыздағы №455 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 тамызда №7611 болып тіркелді);

9. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 17 наурыздағы №13 шешімі (Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 наурызда №8229 болып тіркелді);

10. «Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №75 шешімдері. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда №25836 болып тіркелді).

Пейіште нұрың шалқысын

Өмірдің қас-қағым сәтте өтіп кетерін кейде кеш ұғынып жатамыз. Әсіресе жаныңа жақын жанды кеткеннен жоғалтқан өте қиын екен. Біз үшін бауырдай болып кеткен, күнде көріспесек те бір-бірімізді іздеп тұратын бала күнінен тай-құлындай бірге өскен сыныптас досымыз Торғаев Мирахсан Жақыпбекұлының фениден озғанына да қырық күн болды. Бізге ортақ естеліктер мен балалықтың бал дәурен шақтарын артына қалдырып, жарқын бейнесін сағынышқа айналдырған адал достың арамызда жоқтығына сенгіміз келмейді. Досымызбен бірге жүрген кездеріміз ойға оралып, жанымыз құлазуда. Алайда өткен іске қолдан келер қайран жоқ. Абзал жанның артында ұлын жоқтаған ата-анасы мен бауырлары, есікке елеңдеп аяулы жары, ізін жалғар алтын асықтай қос ұлы мен қызы қалды. Алланың ісіне амал қанша?! Біздердің қолымыздан келері өзіне арнап Құран бағыштау ғана. Оқылған Құран



аяттары қабірдіңі нұрландырып, орнын жаннаттың төрінен бұйырса деп тілейміз. Сен біздің жүрегімізде жасай бересің, асыл дос.

Арамыздан мәңгіге алыстаған, бақиға сапар шеккен қимас досымыз Мирахсанның қыркы 16 шілде күні сағат 11.00-де Қармақты ауданы, Дүр Онғар ауылы, Есхан көшесі №65 үйде беріледі.

Еске алушылар: достары.

Жарамсыз деп есептелсін

ЖК «Воротный Мир.KZ» (ЖСН 890710401107) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы профессор, физика-математика ғылымдарының докторы Әбдікәрімов Бахытхан Жұнайұлына апасы Күләйша Жұнайқызының дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Табиғи газдың келуі Тереңөзек, Жалағаш, Жосалы кенті тұрғындары үшін ерекше жаңалық болғаннан кейін, тұрғындар арасында түрлі сұрақтардың туындауы заңдылық. Қазіргі таңда кім үйіне газ орнатқысы келсе, біздің мекеменің кенттегі филиалына хабарласып, кеңес ала алады. Барлық жұмыстар жоспарға сәйкес қалыпты жүргізіледі. «Үйіне газ орнатқысы келетін азаматтар ең алдымен жұмысты неден бастауы қажет?» деген сұраққа жауап бере кетсек.

Ең алдымен жеке тұрғын үй иесі «Қызылорда газ тарату жүйесі» мекемесінің кенттердегі учаскесіне екі түрлі өтініш жазады. Өтініш үлгісі мекеме тарапынан беріледі. Бірінші өтініш техникалық шарт алу үшін жазыла, екінші өтініш жүргізілген газ желісінен газ реттегіш пунктінде «көгілдір отынның» берілуі жөнінде болады. Өтінішке үйдің құжаттары, яғни мемлекеттің орган шешімі, меншік иесі екенін растайтын

анықтама, мемлекеттік актісі, техникалық куәлігі, тұрғын үй иесінің жеке куәлігі, жер учаскесінде орналасқан тұрғын үйдің сызбасы, топографиялық түсірілім кося тігіледі. Аталған құжаттардың түпнұсқасы салыстыруға ұсынылады. Өтініш қабылданғаннан кейін кәсіпорынның эксплуатация мамандары барып қосылу нүктесіне ұсыным жасап, үй-жайдың газбен жабдықтау жүйесі талаптарына сәйкес келетіндігін анықтайды. Жоғарыдағы аталған талаптарды толығымен зерделеу, техникалық шарт берілуіне бес жұмыс күні беріледі. Атап өту керек, техникалық шарт ТЕГТН беріледі.

Келесі кезекте техникалық шарты бар тұрғын монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін мердігер мекемелердің көмегіне жүгінеді. Бүгінде үш кентте 23 мердігер мекеме өз қызметін халыққа ұсынады. Олар монтаждау жұмыстарын шамамен үш жұмыс күні ішінде әзірлейді. Монтаждау жұмыстары барысында тапсырыс беруші

тұрғын дәкекерлеу жұмыстарының сапалы жүргізілуін, трубаларын түзу жалғануын және газ пештерінің дұрыс орнатылуын ескеріп, кейін қосымша сұрақтар туындамайтындай жағдайда қабылдауы керек. Бұл кезеңдегі жұмыстардың құжаттарын мердігер мекеме дайындайды. Оның ақысы мекеме мен тапсырыс беруші арасында келісіледі. Өйткені, әр мекеменің ұсынатын қызметінің бағасы әртүрлі. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін мердігер мекеме құжаттар топтамасын «Қызылорда газ тарату жүйесі» мекемесінің Жалағаш кентінде Әйтеке би №28 мекенжайда орналасқан өндірістік-техникалық бөлімге (әр қарай-ӨТБ) өткізеді. ӨТБ мамандары құрылыс-монтаждау жұмыстарына техникалық қадағалау жүргізеді. Құжаттар және құрылыс-монтаждау жұмыстары талапқа сай келсе, тұрғын үй «көгілдір отынға» қосылады. Газды қосуды тек жергілікті мамандандырылған газ тарату ұйымының қыз-

меткерлерінің күшімен жүзеге асырылады. Ескерту: Алаяқтардың арбауына түсіп қалмас үшін немесе басқа да жағдайларды болдырмау үшін монтаждау жұмыстарын жүргізетін арнайы рұқсат қағазы бар (лицензия) мердігер мекеменің келісімімен жасап болғаннан кейін ғана жасалған жұмыс үшін ақы төлегендеріңіз жөн. Сонымен қатар жылыту маусымы кезеңінде қиындатықтар туындамас үшін, газ тұтынуы желісіне және газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуге арнайы ұйымдармен келісім-шартқа отырып (пешті, түтіндік мұржасарын, бұлықтарды), тексертіп алуларыңызды ескертеміз. Техникалық қызмет көрсетуге келісім-шартсыз табиғи газды пайдалануға заңмен тыйым салынады.

«Қызылорда газ тарату жүйесі» ШЖҚ КМК

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға бо

Алғыс пен ризашылық, амал мен сауап күні

Демек, шын ниет болмаған жерде амал артқа ысырылады. Ниетсіз амалдың аздыруы да мүмкін. Қазақ «пейілі жаман пәлеге жолығады» дейді. Сонымен бірге «адал ниет аздырмайды, арамдық бой жаздырмайды», «жақсы ниет – жарым ырыс» деген де сөздер бар.

«Құрбан айт күнін мереке ретінде атап өтуге маған бұйрық келді. Бұл күнді Алла тұтас үмбет үшін мереке қылды» деген Пайғамбарымыз саллалаху әлейкис салам. Сол кезде бір кісі: «Уа, Алла елшісі, менде елдің аманат ретінде табыстаған малынан басқа мал жоқ. Сол малдан құрбандық шалсам бола ма?» деген. Пайғамбарымыз оған шашынды, тырнағынды қысқартып, су тимейтін жерлерінді де жуып, тазалануын Алла есебінде сен үшін құрбандық шалғанмен тең деген жауап айтқан.

Демек, біз бұл күні таза болып, ниетімізді түзеп, бір-бірімізге қол ұшымызды созып, мүмкіндігіміз болса, құрбандық шалудың рәсімдерін орындап, жарқын жүз, жылы жүрекпен ел ішінде болуымыз керек.

Себебі, Құрбан айт дүниеқұмарлықтан, сарандықтан алыстатып, Алланы еске алып, шүкір етуімізді сұрайды. Шексіз жомарт Алла бізге бәрін берді, құлдары да Ұлы Иеге қайтарым жасауға тиіс.

Ал, енді құрбандыққа қандай мал шалуға болады дегенге келсек, қазір бұл жөнінде жұрттың бәрі де біледі деп ойлаймыз. Бұл мәселеде баса мән беретін нәрсе малдың адал және ақаусыз болғаны. Шариғат шарттарын имам-молдалардан сұраған дұрыс.

Құрбан айт – алғыс пен ризашылық сезімге бөленетін күн. «Алтын – жердің сыйы, алғыс – елдің сыйы» дегендей, елдің сыйын иелену – ерге парыз. Міне, Құрбан айт мерекесінің мәнін де осы тұстан іздесек, адалсап табымыз. Ең бастысы – әрине, Алла ризашылығы.

1-бет

«Жанымның ұясы»

Облыстық филармонияда «Қызылорда облысы әйелдер ақпарат орталығы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Тақырыптық көріністер арқылы гендерлік теңсіздік проблемаларын шешу» жобасы аясында «Жанымның ұясы» психологиялық драмасы сахналанды.

Sp Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Іс-шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемовпен қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова қатысты.

Сценарий авторы Анар Ізден мен режиссері Әзиза Іздікүл қазіргі қоғамдағы түйткілді мәселені қойылым желісі арқылы көрермен назарына ұсынды. Автор шешімі қиын бір ғана мәселені қозғамай, шиеленіске толы өмірді шебер суреттеген. Қойылымның аудармасы да өте жеңіл әрі шынайы. Әдеби тілден гөрі күнделікті ауызекі тілге негізделген.

Спектакльде несиенің бейнетін көрген шарасыз отбасы, күні-түні күйбеген күнкоріске құмарын байлаған жандар, бақыттың кілтін іздеген жастар, жалғыздықпен дос болған Ауған соғысы ардагерінің жан қызылсіз бейнеленген. Бір шаңырақтың күнделікті тіршілігі баяндалған қойылымды тамашалау арқылы кейбір

келенсіз оқиғалар әрбір отбасында көрініс табатынын аңғаруға болады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақытбек Темірбеков бастаған шығармашылық топ өз кейіпкерлерінің жан дүниесін барынша аша білді.

Спектакльде Аружан есімді кейіпкердің теріс қарап отырып жарықты жағып-өшірген сәті бар. Қыз баланың ренжіген сәтте іргеге қарап отыруын режиссер шебер суреттеген. Жобада айтылғандай гендерлік саясат қайда деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл дегеніміз – әйелдердің ерлермен теңсіз, шалбар киюі емес. Ол – дін саясаты секілді нәзік құбылыс. Сондықтан сценарий авторы оны Аружанның суішіп отырған шынайы мен тоназытқышқа «Ау, еркектер қайдасыңдар?» деген тіркесі арқылы жасырып қойған. Қоғамның ашы шыңдығы спектакльде осылайша сығалайды.

Қойылымда сағат тілінің тоқтап, оның жанаданалуы арқылы қайта соқ-



канында үлкен мән жатыр. Мұны «Жаңа Қазақстан» деп саясиландыруға болады. Бірақ сағат – тіршіліктің өлшемі. Сол себепті оны қойылымның негізгі тегі ретінде қарастыруға болады.

Режиссер қарапайым отбасының кіші ұлы Нұрбектің өрескел біі арқылы өмірде кездесетін кез келген қиындықтың шешімі бар екенін алға тартты. Сондай-ақ, жақсылықтың жарысындай болған Сәуленнің қайын інісінен ұрыс естіп, үндемей қалуы қазақ қызының инабаттылығын көрсетсе, әр сөзі, жүгіріп ас дайындауы, отбасындағы қиыншылықты жеңетін нәзік күші арқылы болашаққа сеніммен қарауды көрсетеді. Қысқаша айтқанда, автор адам-

гершілік адам жанының ұясы екенін осылай бейнеледі.

Тақырыбының өзі «Жанымның ұясы» деп аталуы лирикалық сарын беріп, көрерменге үміт сыйлады. Спектакльді тамашалауға келген көрермен бір күліп, бір жылап, қойылымның мазмұнын шынайы өмірмен теңестірді. Әр кейіпкердің іс-әрекеті өмірдің шынайы сәттерін көрерменге көрсете білді.

Кеш соңында қонақтар спектакльден алған әсерлерін бөлісіп, жүрекжарды лебіздерін жолдады.

Театр – өнердің жүрегі. Ұлттық өнеріміздің ұлықталып, жоғары деңгейге жетуінде сағ өнердің рөлі, театр артистерінің еңбегі зор. Оған осы бір сахналық қойылым арқылы

тағы да көз жеткіздік. Меніңше, бүгінгі спектакль тақырыбына сай шынайы өмірдің айқын бейнесін көрсетті. Анар Ізден мен Әзиза Іздікүлдің бірлесіп жасаған жұмысы көрерменнің оң бағасына ие болды деп білемін. Адамдарға ой салып, өміршеңдіктің үлгісін көрсететін осындай туындылар көбейсе, театр өнерінің өрісі кеңейетініне сенемін, – делі облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов.

Мира Жомартқызы шығармашылық топқа және атсалысқан барша жанарға алғыс айта, Ақзира Бактыбайқызы жоба авторы Анар Жарылқасынқызына ерекше ілтипат көрсетіп, қала әкімінің Алғыс хатын табыстады.

ТАНЫМ

Тоқа Сәмет

Патша үкіметі тұсында халық мол шоғырланған қалаларда жыл сайын жәрмеңке өткізіліп тұрған. Осындай бір жәрмеңке кезінде орысқа қызмет жасап жүрген бір қазақ орыстың таяғынан өледі. Жәрмеңкеге келген болыс-билер арға тырысып орыстардан күн даулайды. Орыс шенеуніктері:

– Ой, өзі ауру адам шығар, бір салып қалғанға адам өлетін бе еді? – деп, теңдік бермейді. Қазақтар мазалай берген соң:

– Ал, онда бір ұрғанда адам өлтіретін адамдарың болса әкеліңдер, біздің адаммызды бір ұрғанда өлтіріп берсе, күн төлейміз, болмаса аулақ жүріңдер, – депті.

Қазақтар мақұл деп алып, жеме-жемге келгенде қатты сасады. Көпшілік қазақтарға «бір ұрғанда адам өлтіре алатын елдерінде кім бар?» деп, жар салыпты. Ешкім шықпайды, билер «орыстарға күлкі болды-ау» деп уайымға батады. Сонда бір адам тұрып:

– Біздің ауылда, Қарақұм бойында Сәмет деген бір жігіт бар, қамшымен тартып жібергенде нар түйенің өркешіне кез түсіреді, өлтірсе сол өлтіруі мүмкін, – дейді. Көпшілік ойласа келе Сәметті алдыруды ұйғарды. Қос атпен адам жібереді. Мерзімді уақытында Сәмет те келіп жетеді. Оған «ойынның» шартын түсіндіреді.

Сәмет жәрмеңкеге жиналған жүз мырзаны атымен, қамшысымен оңашаға алып шығады. Әр атты өзі мініп көріп, қамшыны білемдеп сілттеп көреді. Ақыры, жүз аттан тақымына жаққан бір атты, қолына жаққан бір қамшыны таңда алады, сөйтіп көпшілікке келіп, әзір екенін білдіреді.

Орыстар да өздерінше дайындалып, қалың кіндіріп бір дәу жігітті столға отырғызып қойып, «көрейкі сендерді» дегендей мыяқтарынан күледі.

Сәмет отырған жігітке қарай алыстан шауып келіп, қамшыны кері сілттеп ұратындай ыңғай білдіріп, бірнеше рет ұрмай жасқап өтеді. Орыс алғашқыда бойын жиырып, артынан тағы да ұрмайды екен деп бойын босаңсытады. Сол сәтті дәл байқаған Сәмет тартып жібереді. Орыстың денесі қақ бөлінеді. Осы оқиғадан кейін қазақты менсінбейтін орыстар аяғын тарта жүретін болыпты.

«Ескі сөз – ел мұрасы» кітабынан



ОЙТУРТҚИ

Атау ауыстыру күйіп тұрған мәселе ме?

Қазіргідей ақпарат дәуірінде өмірдің күнделікті тыныс-тіршілігіндегі жаңалықтар ешкімнің назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықпен кездесулер, есеп беру жиындары өтті.

Sp Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Бүгінгідей қымбатшылық қос бүйірден қысқан уақытта өз-өзімізді қажетті өнімдермен қамтамасыз етудің, су тапшылығының зардаптарын жеңілдетудің, тағы басқа ондаған кезек күттірмейтін проблемалардың шешілу жолдары әр басқосуда талқыланды. Жиындарда жұртшылықтың ұсынысы тыңдалады, мұқият зерделеніп, жауап беріледі. Бірақ, ұсыныстың да ұсынысы бар. Мәселен, дәл қазір ауылдың атауын ауыстыру, көше мен мектепке ат беру мәселесі бірінші кезекте күйіп тұрған жоқ. Дегенмен жер-жердегі кездесулерде бұл тақырып қозғалмай қалмайды. Құдды басқа проблема жоқтай, атау өзгерсе болды, барлығы жақсы жағына қарай ойысатындай. Ал, мына жақта мың сан түйткіл тұр



– қымбатшылықтың зардабы, кенезесі кепкен дария, мұнай өндірісіндегі құлдырау, қайта бас көтерген жұқпалы кесел...

Нысандарға атау беру, оларды қайта атаудың тиісті тәртібі бар. Облыстық ономастика комиссиясында қаралып, қолдау тапқан жағдайда облыстық әкімдік пен облыстық мәслихаттың бірлескен шешімімен республикалық ономастика комиссиясына ұсынылады. Республикалық ономастика комиссиясының оң қорытындысы алынған жағдайда, әрі қарайғы процесс Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жүзеге асырылады.

Кейінгі кезде тарихи-географиялық атауларды сақтау және қалпына келтіру, сондай-

ақ азаматтардың байырғы халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға құрметпен қарауын қалыптастыру үшін әкімшілік-аумақтық бірліктерді жаппай кісі есімімен атауға шектеу қойылған.

Адамға құрмет, жақсының өнегесін ұмытпау, есімін есте қалдыру сияқты ізгі істердің деңгейін даңғаз-дүрмекке айналдырғанымыз ащы болса да шыңдық. Енді сәл аялдап, өткенге көз жүгіртіп, ойланатын кез келді. Бір анығы, атау ауыстыру, көше мен мектепке ат беру мәселесі шаруа жайы, аймақтың ахуалы талқыланатын кездесулерде шешілмейді. Оны кезек күттірмейтін мәселе етіп, жиын сайын жалаулатудың еш реті жоқ. Мұны түсінетін уақыт туды.

5 млн балық дернәсілі жіберілді

Жанақорған ауданында қол-тауарлы балық шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкер сазанның 5 млн дернәсілін жергілікті атқарушы органдар мен инспекция мамандарының қатысуымен тоғанға жіберді.

– 2015 жылы балық шаруашылығымен айналысу мақсатында «Аружан» жеке кәсіпкерлігін аштық. Екі жылдан бері тауарлы мақсатта балық өсірумен айналысып келеміз. Былтыр 2300 келі тауарлы балық өсірдік. «Балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасы» аясында биылдан бастап вейс аппараттарында уылдырықтарды шайқау арқылы дернәсілдер шығарудамыз. Алғашқы 5 млн шамасындағы сазан балығының дернәсілін тоғанға жібердік, – дейді жеке кәсіпкер Орынбек Жүсіпбекұлы.

Кәсіпкердің айтуынша, балық өсіруге арналған 3 тоған бар. Соның бірінде аталық және аналық балықтар жіберіліп, табиғи жолмен көбейтілуде. Екінші тоғанға сазан дернәсілдерін жіберсе, үшінші тоғанға ауа температурасына қарай дөңмаңдай және ақ амур балығының дернәсілдерін жіберу жоспарланған.

«СБ» ақпарат

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Бөген мен Қарашалаң арасы

Бөген мен Қарашалаң арасы 14 шақырым жол. Осы аралықты көлікпен бір сағат немесе 50 минут жүреміз. Себебі ойдым-ойдым, шүрктесік. Жеңіл көліктер жүруге мүмкіндік жоқ. Алыстағы балаларымыз, құда-жекжаттарымыз енді келместей күйге түседі.

Осы жағдайды айтып жырлағанымызға табаны күректей бес жыл болды. Қыста келген әкім «көктемде бастаймыз» дейді, көктемде келген

әкім «жазда бастаймыз» дейді. Биыл алтыншы жыл тағы да үзде берген. Бірақ жаздың ортасы болды. Жол салатын техникалардың қарасы көрінбейді. Ал басқа ауылдарда жұмыс басталып, жүріп жатыр. Биыл да аяқсыз қала ма деген сауал Қарашалаң халқын мазалайды.

Біз бұдан бұрын да аудан, облыс әкімдігіне бірнеше рет өтініш жасап, хат жазғанбыз. Бірақ бір-біріне сілттеп, хатымызға дұрыс жауап ала алмадық. Осыдан екі жыл бұрын «Бөген-Қарашалаң» тас жолы салынып, іске қосылды делінген. Бірақ салынған жол жоқ. Біздің

мұңымыз басшылардың құлағына жетер емес.

Газет – халықтың айнасы ғой. Осы айдан өздерінің жауапкершілігін жоғалтып алғанын көріп, ойланар деген үмітіміз бар.

Дариха
ӘЛСЕЙТОВА,
Арал ауданы